Бүгінгі шетел тілін оқытудың басты мақсаты – коммуникативті күзінеттілікті қалыптастыру. Қазіргі кезде шетел тілдерін оқыту технологиясы оң өзгерістерді басынан кешіруде. Шетел тілдерін оқыту теориясы мен практикасындағы оңтайлы тәжірибелерді пайдалану негізінде жаңалау жұмыстары жүргізілуде. Тілдік материалдар шетел тілін оқытудың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Солардың бірі аутенттік мәтіндер. Жалпы білім беретін мектептерде шетел тілін оқытудың мақсаты – оқушылардың мәдениетаралық қарым-қатнастағы біліктілері мен қабілеттерін қалыптастыру болып

табылады. Демек, шетел тілінің білім беру саласындағы атқарар қызметі – тілді оқып үйренушілерді басқа ұлт өкілдерімен ортақ түсіністік, ортақ көзқарас орнатуға, толерантты қарым-қатынас жасай алу қасиеттерін және сол ұлт мәдениетін түсінуге дайындап, тәрбие, білім беру, әрі жеке тұлға қабілеттерін жан-жақты дамыту болып табылады. Шетел тілдерін оқытудың мазмұны келесі мәселелерді қамтиды:

- қарым қатынас саласы, қамтылатын тақырыптар, сөйлеу әрекетінің материалдары;
- тілдік материалдар, оларды қолдану тәртібі мен қолданудағы біліктілік;
- тіл үйренушілердің тіл үйренудегі біліктіліктері;
- тіл үйренушілердің сол тілде сөйлейтін халықтардың мәдениеті мен ұлттық ерекшеліктері туралы жалпы білімдері [2].

Білім беруде оқу материалдарының алатын орны өте маңызды, себебі оқыту материалдары білімді игеруге бірден бір себепші. Күні бүгін қолымызда білім беремін, тіл үйренемін деген, ағылшын тілінен дәріс беруші мұғалімдерге арналған, барлық қажеттіліктерді қамтамасыз ететін, тіпті әр мұғалімге керекті әдісін таңдап алу жағдайы бар оқулықтар мен материалдардың саны өте көп. Бұл оқулықтардың көпшілігі бәрімізге белгілі мәтіндерден, қосымша аудио, бейне таспадан тұратын және басқа да компьютерлік тілді үйрету бағдарламаларынан құралатын Oxford, Longman, Pearson және тағы басқа осы типтес оқулықтардың саны өте көп. Көптеген елдер, сонымен қоса біздің елдеде жоғары оқу орындарының және тілдік курстардың мұғалімдері осы секілді оқулықтарды қолданады. Қандай материал немесе оқулық қолданылмасын мұғалім өз оқушыларының тілді үйренуге қызықты да нақты нәтиже бере алатындай материал қолдана білуі қажет. Осындай материалдардың бірі мысалы, аутенттік материалдар.

Аутенттік материалдарды шетел тілін оқыту барысында қолдану бұл жастардың болашақ мамандыққа бағытталған түрде еркін дамуына, білім деңгейін арттыруға, компетентті маман

болуына мүмкіндік береді және де, аутенттік материалдарды сабақ барысында қолдану студенттердің қызығушылығын арттырады, себебі аутенттік материалдардың көмегімен оқушыларды өмірден алынған типтік жағдаяттарға даярлауға, оларды шынайы тілдік ортаға бейімделу қабілеттілігін арттыруға болады.

Осыдан туындайтын мәселе, аутенттік материалдарды қолданудың қандай қажеттілігі бар екендігін анықтасақ, «аутенттік материалдар» дегеніміз ана тілі ретінде сөйлейтін және қабылдайтын елде басылып шаққан түпнұсқалы, авторлық еңбектер. Аутенттік материалдардың бірден бір ерекшелігі – оқушыға шетел тілдік атмосфера тудырады, тілді әртүрлі жақтардан қарастырады, солардың қатарында: аудио-видео таспалар, журнал-газеттер, буклеттер мен әртүрлі брошюралар, кино үзінділер, әдеби кітаптар мен оқу әдістемелік кешендер.

Аутенттілік өз негізін 1970 жылдары пайда болған тілді коммуникативті оқыту бағдарламасының шығуынан бастау алған. Аутенттілік грек тілінен аударғанда «негізгі», «түпкі» деген мағынаны білдіреді. Аутентті материал дегеніміз, *longman* сөздігіне сүйенсек, табиғи сөйлеу мен жазылым әрекеттерінің дәрежесінде қарастырылған тілдік материалдар [3].

Аутентті мәтін – нағыз түпкі негізде сол тіл өкілі тарапынан жазылған мәтін. Ал, Крамштың пайымдауынша «аутенттік мәтіндер дегеніміз педагогикалық салада емес, табиғи күйінде, күнделікті қарым қатынаста қолданылатын мәтіндер» [4].

Г.Видоусон, Д.Нунан сияқты белгілі лингвистердің деректеріне жүгінсек, аутентті материал дегеніміз – шетел тілін үйренушілерге емес, сол тілде сөйлейтіндерге арналған, яғни материалды қолданушылардың өзара қатынасы және қолдану жағдайларында туындайтын тілдік материал. Сөйлемдердің бұл түрлері, әсіресе, газет мақалаларның тақырыптарында көптеп кездеседі.

Морроудың айтуы бойынша “аутенттік мәтін – нағыз тілдік, нақты динамикті әсер ететін, белгілі бір аудиторияға нақты мәлімет беру үшін нағыз спикер немесе жазушы тарапынан түпкі негізде жазылған мәтін.

Шетел тілі сабақтарында аутентті материал ретінде аутентті газет мақалаларын пайдалануға болады. Газет – ақпарат беру және ықпал ету құралы. Газет – қоғамның айнасы, халықтың рухани азығы. Басылым – мемлекет саясатын жұртшылыққа жеткізуші күш. Қоғамдық пікірдің алтын қазығы да газет екені белгілі И.В. Арнольдтың ойынша газет өзін оқытатын және ұстап қалатын көпшілік және біртекті емес аудиторияға арналған. Газетті адамдар әдетте зейін салуға қиын шарттарда оқиды, мәселен, метрода, поездда, жұмыстан кейінгі демалыс уақытында, көлікте газет немесе журнал оқып отырған көпшіліктерді байқауға болады. Осыдан газеттік ақпаратты тез, қысқаша түрде түсінік беру және ең маңыздысын айтып кету, оқырманға белгілі бір эмоционалдық ықпал ету туындайды. Жазылған ақпарат оқырманнан дайындықты талап етпейді және газеттегі мақалалар тақырыбы әр түрлі, бірақ өзекті болып табылады [5]. Технология мен қатысымдылық заманында біз жан-жақтылыққа талпынамыз, тіпті басқа елдегі, әлемдегі жаңалықтарды танып білуге тырысамыз. Жаңалықтар біреулер үшін тіпті өзіне қатысы болмасада қызықтыруы мүмкін. Енді біреулер үшін тікелей қатысы болуы мүмкін, мысалы айтар болашақ саясаткерлер үшін немесе жалпы барлығын қызықтыратын тақырыптар да болуы мүмкін мысалы, отбасы туралы, денсаулық, бала тәрбиесі, махаббат хикаялары және тағы басқа. Тіл үйрену сыныптарында, газет мақалаларын дауыстап оқу, сұраққа жауап беру, талқылау, өз ойын білдіру секілді тапсырмаларды ұсынуға болады. Екіншіден, газет оқу ынталандыру қабілетін арттырады. Газет әсіресе үйреніп жүрген тілдің мәдениетімен танысқысы келетін студенттер үшін өте пайдалы, яғни ол басқа елдің мәдениетін танып білудің қысқа жолы деп айтуға келеді [6]. Аккультурация басқа ұлт өкілдерінің мәдениетін түсіну, танып білу, яғни басқа ұлт өкілдерінің нені ұнатып, нені ұнатпайтынын, қай жағдай оларға теріс, қандай нәрселер оң әсер ететінін бір сөзбен айтқанда сол елдің дәстүр мәдениетін тану. Сол мәдени мағлұматтарды газет беттеріндегі мақалалардан танып білуге болады, мысалы қарапайым практикалық мәліметтер саяси, білім жүйелері, заң, денсаулық, спорт және тағы басқа. Газеттер өз оқырмандарына жақсы әсер ететіндей күйде болуы үшін сыртқы және ішкі келбеті

безендіріледі, яғни оның өлшемдік формасы, жақсы тақырыпшалардың орын алуымен, суреттердің сапалылығымен және тағы басқа ерекшеліктерімен көзге түседі. Дегенмен, көптеген мұғалімдер бұл аспектіні негізге алмай, газеттегі мақалаларды қиып алып қолданады.

Ертегімен жұмыс жасау кезінде мұғалім оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес халық ертегілерін сұрыптап алу қажет. Тандалып алынған етегі бойынша оқушыларға беретін тапсырмаларының алдымен жоспарын жасап алады. Әрбір ертегінің өзіне тән бағытымен тапсырмалар жасау керек. Бір ертегіде математикалық қабілет жеткіліксіз болса ал басқа бір ертегіде экологиялық қабілеттің жеткіліксіз екендігін байқауға болады. Осының бәріне мән бере отырып, мұғалім өз тапсырмаларын жасайды. Баланың тапсырманы оңай орындауға, дұрыс ойлауға бағыт береді. Мұның бәрі оқушыны географиялық саяхат жасауға, тарихи маңызы бар өткен шаққа көз тастауға, Отанды сүйуге, салт-дәстүрлерді қадірлеуге итермелейді. Мұғалімнің мақсаты – осы әдістермен ертегілер арқылы баланың шығармашылық қабілетін дамыту.

Соңғы жылдары ғалымдар мен әдіскерлер шетел тілі оқулықтарына аутентикалық мәтіндерде кеңінен енгізуді жақтайды. Аутентикалық мәтін дегеніміз адаптирленген, бейімделген емес, яғни жасанды мәтін. Бұл тілін оқып, үйреніп жатқан елдің реальды өмірін сипаттайтын, қазіргі болмысын көрсететін мәтін. Аутентикалық мәтіндерді оқушы оқи отырып, өз елін, тілін үйреніп жатқан тілмен салыстырып, сын елегінен өткізіп, ой-өрісін дамытып, терең жан-жақты білім алып, рухани, саяси-идеялық тұрғыдан тәрбиеленуіне мүмкіндік алады. Аутентикалық мәтіндермен жұмыс барысында оқушылар мәтіннің жекеленген бөліктерін бір-бірімен ұштастыруды, фактілер мен оқиғаларды логикалық, хронологиялық тәртіппен ұйымдастыруды, фактілерді топтастыруды, оқиғалар арасындағы байланысты анықтауды үйренеді. Оқушы сонымен бірге мәтіннен алынған ақпаратты өңдей отырып, қорытынды шығарып, мәтіннің идеясын, түпкі ойын анықтап, оларды бағалай білуді, оларды өздерінің білімдерін тәжірибелерімен ұштастырып үйренеді [7].

Шетел тілі сабағында аутентті мәтіндерді қолдану сол ұлт мәдениетімен, сол елдегі ұлт

жағдайымен, болып жатқан жаңалықтармен танысуға мүмкіндік береді. Бастауыш сыныпта шетел тілі сабақтарында, мысалы аутентті материал ретінде халық ертегілерін алуға болады. Жалпы сабақ барысында мәтінмен жұмыс кезінде мәтін алды, мәтінді оқу негізінде және қорытындылау жұмысы деп 3-ке бөліп қарастыруға болады. Ең алдымен белгілі бір ертегінің алдын алу жұмыстары жүргізілуі тиіс, яғни ертегімен жалпылама таныстыру, ертегіде кездесетін жаңа, жат сөздерге түсіндірме беру секілді жұмыстары жүргізіледі. Ал, мәтінмен жұмыс кезіндегі жаттығулар мәтінді жалпы түсіну жолдарын қарастырады. Қорытынды жұмыстары берілген мәтінді қаншалықты түсінгенін тексеру жұмыстары. Сонымен қатар, бірнеше жаттығулар жасатуға болады:

- мәтінді оқып мәтінге сәйкес келетін суреттерді белгіле;

- мәтінді оқып, берілген жаттығуларды орында;

- сұрақ-жауап жаттығулары, ең көп кездесетін жаттығулардың бірі. Іштей бұл жаттығудың екі түрін анықтауға болады: нақты жауапты талап ететін сұрақтар, мысалы «Туристтер не үшін Балқан түбегіне кетті?» деген сұрақта кімнің (туристер), қайда (Балқан түбегіне) кеткені анық, ол тек нақты жауапты талап етеді. Сұрақтың бұл түрі оқушының есте сақтау қабілетін арттыруға негіз болады. «Не мақсатпен?», «Мәтін тақырыбы туралы не айтасыз?» деген сұрақтар жалпы әр оқушының еркін жауабын талап етеді яғни оқушы бұл сұраққа еркін жауап бере алады. Ал, сұрақтың бұл түрі оқушылардың сөйлеу мәдениетінің, өз ойын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамытуда жақсы әсер етеді. Ертегімен жұмыс барысында келесі жаттығуларды жасауға болады:

- мәтін үзіндісін, сөздерді бөліп алып, оны қайта қалпына келтіру жаттығулары;

- мәтінді өз ойымен аяқтау;

- мәтінді оқып өз ойын жеткізу;

- мәтінге байланысты дебат сабағын жүргізу, және тағы басқа көптеген жаттығулар жұмысын жүргізуге болады.

Аутентикалық мәтіндерді ағылшын тілін үйретуде қолданудың маңызды жақтары:

- оқушылар оқып жатқан тілде сөйлеушілердің өмірдегі, қолданыстағы сөйлеу әрекеттерімен танысады;

- аутентикалық мәтіндер оқушылардың тіл үйренудегі қол жеткізген жетістіктерін бағалауларына мүмкіндік береді;

- аутентикалық мәтіндер (халық ертегілері) оқушыларға эмоционалдық әсер береді;

- аутентикалық мәтіндер (халық ертегілері) сахналық қойылымдар арқылы оқушылардың шығармашылықтарын дамытады;

- аутентикалық мәтіндердің тілдік стильдері де түрлі болады;

- аутентикалық мәтіндер сол тілде сөйлеушілердің мәдениеті мен ерекшеліктері туралы мәлімет береді, ол өз кезегінде оқушылардың тіл үйренуіне деген қызығушылығын арттырады.

Яғни, шетел тілдік атмосфера аутентикалық мәтіндермен жұмыс жасау барысында, оқушылар мәдениетаралық қатысым күзіреттілігін дамытады, сөйлеу іскерліктерін жетілдіріп, білімдерін шындай алу мүмкіндігіне ие болады. Түпнұсқалы мәтіндердің оқушыларға берері көп. Сол себепті оқушылардың бойында әртүрлі күзіреттіліктер өзара қатар дамиды. Аутенттік материалдарды шетел тілін оқыту барысында қолдану бұл оқушылардың білім деңгейін арттыруға, компетентті маман болуына мүмкіндік береді және де, аутентикалық мәтіндерді сабақ барысында қолдану оқушылардың қызығушылығын арттырады, себебі аутенттік материалдардың көмегімен оқушыларды өмірден алынған типтік жағдаяттарға даярлауға, оларды шынайы тілдік ортаға бейімделу қабілеттілігін арттыруға болады.

Халық ертегілерін шетел тілдерін оқыту барысында әртүрлі деңгейлерде қолдану арқылы оқушыларда жаңа талпыныс пайда болады. Себебі оқу процесін қызықты, жеңіл әрі оқушылардың қиял-шығармашылығын дамыта отырып, тіл игерушіде шетелдік коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға, лингвоелтанулық маңыздылығын жоғарылатуға мүмкіндік беруі бұл жұмыстың өзектілігі боп саналады. Сабақта ертегілерді қолдану оқушылардың сөйлеу дағдыларының өздігінен дамуына көмектеседі. Сабақ барысын ертегілермен жұмыс кезінде екі түрде ынталандыру түрі дамиды: ертегі оқушыға өздігінен қызықты болған жағдайда өзін-өзі жетілдіру, және де оқушыға үйреніп жатқан тілді түсіну жолдары көрсетілген жағдайда. Осы

жағдайлар оқушыға қанағаттандырылғы жағдай тудырады. Тілді әрі қарай үйреніп түсінуіне мүмкіндік береді. Оқушылардың тек қана қызықты әңгімелерден ғана емес, әрі ертегілерді түсіну үшін тілге қызығушылықтарын туындату басты мәселе бірі. Ертегілердің тағы бір тиімділігі оқушыларға эмоционалдық әрі әсерлі болуы. Сондықтан ең басты назар оқушылардың оқыған мәтінге деген жеке көзқарастарына бағытталу тиіс. Осындай мақсаттардың сәтті жетістіктері біріншіден, жүйелі оқуға, екіншіден, әдістемелік ұйымдастыру оқылымдары арқылы жүзеге асады

Ертегілерді ағылшын тілін оқытуда қолдану көп нәрселерге түрткі болады.

1. Қарым-қатынас түрткілері:

А. оқушылар бірлесіп ертегіні оқып, аударып, рөлдерге бөледі, қарым-қатынасуға, жолдастардың ой-пікірлерін есепке алуға үйренеді;

Б. ертегімен жұмыс жасағанда, ұжымдық тапсырмаларды шешкен кезде, оқушылардың әр түрлі мүмкіндіктері қолданылады; оқушылар ертегі ойнағанда актерлік шеберліктерін қолданады;

В. ертегі кезіндегі бірлескен эмоционалдық күйзелістер тұлғааралық қарым-қатынастардың нығайтуына мүмкіндік береді.

2. Моральдық түрткілер:

Ертегіні қойғанда әр бір оқушы онымен ойнайтын басқа оқушыларға және іс-әрекетке өзінің қатынасын, жігерлік қасиеттерін, өзін, өзінің мінезін, өзінің білімдерін, іскерліктерін көрсете алады.

3. Танымдық түрткілер

А. табыс жағдайы танымдық қызығушылықты дамыту үшін жағымды эмоционалдық фонын жасайды;

Б. ертегіні ойнау барысында алдымен оны зерттеп, оқып, аударды, ол танымдық міндеттерді шешуге көмектеседі.

Мектепте өткізілген тәжірибе кезінде халық ертегілерін пайдаланудың төмендегідей артықшылықтары бар:

1) Сабақта оқушылардың максималдық белсенділігі. Барлық қатысушылар сабаққа белсенді қатысып, бір – бірлерімен тығыз байланыста болады. Бұл оқушылар және ұстаз арасында тұлғаралық қолайлы климат орнатып, бірлескен ұжымдық шығармашылық жұмыстың айнасы.

2) Ертегімен жұмыс барысында тілдік серіктестер тек ұстаздың қалауымен ғана емес сонымен қатар еркін түрде таңдауына толықтай мүмкіндік бар.

3) Қатысушылар рөлдермен ауысып тілдік материалды толықтай қолдануға мүмкіндік алуы шетел тілінде қарым-қатынас жасап сөйлеу дағдыларын дамытады.

4) Сабақта тәртіп пен қызығушылық атмосферасы орнап ақыл-ой және дене белсенділігі қатар жүреді.

Тәжірибе кезіндегі ертегілерді қолданудың кемшіліктері төмендегідей болды:

- ертегіні толық зерттемей оқу;
- ертегіні бөлімдерге бөліп арнайы жаттығулар кешені әзірленген жоқ;
- ертегілерді оқу үдерісі кезінде қолдану жүйесіз жүргізілуі;
- ертегілерді ағылшын тілі сабағы барысында сирек өткізілуі.

Жоғарыда айтылып кеткен жағдаяттар тәжірибе жұмысының қиындықтарымен

кемшіліктерін айқын көрсетеді. Сонымен қатар ертегіні сахналау барысында оқушылардың ортақ қызығушылықтары байқалды, тек оқу үдерісіне қатысты емес сонымен бірге оқушылардың шығармашылық ұқсастықтары болды. Зерттеу барысында топтарда айқын жеке көшбасшы болмауына байланысты ортақ істерді топтардың жұмыла және жинақы жасауына жақсы әсерін тигізді. Ұстаз ретінде ұжымдық жоспарлау арқылы барлық тапсырмаларды тең әрі әділ бөлуге мүмкіндік туды.

Сонымен, қорыта айтқанда, шет тілі сабағында бастауыш мектепте халық ертегілерін қолдану оқушыларды тіл үйретумен шектеліп қана қоймайды, сонымен қатар адамгершілікке үйретіп, мәдениетаралық тәрбиені жүзеге асырады. Баланың тілдік тосқауылын барынша ерте жеңуге көмектесетін және шет тіліне деген қызығушылығының оянуына ұластыратын, ерте жастан ағылшын тіліне үйретудің тиімділігін жоғары деңгейіне жеткізуге аутентті мәтіндердің пайдасы өте үлкен.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сейдуалиева З.Д. Аутенттік мәтіндерді қолдану//Мектептегі шет тілі, 2009, №1, 13-18 б.
2. Гальскова Н.Д. Современная методика обучения иностранным языкам. М.АРКТИГЛОССА, 200.
3. Гальскова Н.Д. Современная методика обучения иностранным языкам. М.АРКТИГЛОССА, 200.
4. Kramsch C., Context and Culture in Language Teaching. Oxford: Oxford University Press, 1993. Little, David „Words and their properties: Arguments for a lexical approach to pedagogical grammar“ in T. Odlin (ed.) Perspectives on Pedagogical Grammar. CUP, 1994.
5. McCarthy, M and Carter, R. „Spoken Grammar: what is it and how can we teachit?“ELTJVol. 49/3 OUP, 1995.
6. McDonough, J. and Shaw, C. Materials and Methods in ELT Blackwell, 1993
7. Носович Е.В., Мильруд Р.П. Параметры аутентичного учебного текста//Иностранные языки в школе.-М.:Просвещение,1999.- №1.-11-18 б.

Сатынская Айсулу Кабылмажитовна

Лауазымы: педагогика ғылымдарының кандидаты, «педагогика және психология» кафедрасының доценті, Павлодар педагогикалық университеті

Пошталық мекен-жайы: 140003, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ., Толстой көшесі, 68

Ұялы. тел: +7 701 5510 880

E-mail: satynskayaa@mail.ru

Меденова Акбота Каирбековна

Лауазымы: педагогика және психология ғылымдарының магистранті, Павлодар педагогикалық университеті

Пошталық мекен-жайы: 140007, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ., Усолка көшесі, 15

Ұялы. тел: +7 771 475 20 03

E-mail:medenova.1994@mail.ru

Бастауыш мектептегі ағылшын тілі сабақтарында аутентті мәтіндерді (халық ертегілерін) қолдану

Сатынская Айсулу Кабылмажитовна

Должность: кандидат педагогических наук, доцент кафедры «Педагогика и психология», Павлодарский педагогический университет

Почтовый адрес: 140003, Республика Казахстан, г. Павлодар, ул. Толстого, 68

Сот. тел: +7 701 5510 880

E-mail: satynskayaa@mail.ru

Меденова Акбота Каирбековна

Должность: магистрант педагогических и психологических наук, Павлодарский педагогический университет

Почтовый адрес: 140007, Республика Казахстан, г. Павлодар, ул. Усолка, 16

Сот. тел: +7 771 475 20 03

E-mail: medenova.1994@mail.ru

Использование аутентичных текстов (народных сказок) на уроках английского языка в начальной школе

Satynskaya Aisulu Kabdylmazhitovna

Position: Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of Pedagogy and Psychology, Pavlodar Pedagogical University

Mailing address: 140003, Republic of Kazakhstan, Pavlodar, st. Tolstoy, 68

Mob.phone: +7 701 5510 880

E-mail: satynskayaa@mail.ru

Medenova Akbota Kairbekovna

Position: Master of Pedagogy and Psychology Sciences, Pavlodar Pedagogical University

Mailing address: 140007, Republic of Kazakhstan, Pavlodar, Usolka St., 16

Mob.phone: +7 771 475 20 03

E-mail: medenova.1994@mail.ru

Using authentic texts (folk tales) in English lessons in elementary school

ХҒТАР 14.35.05

Султанова Нургуль Камильевна

педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы, Қазақстан Республикасы
e-mail: wrach100@mail.ru

Орынғалиева Шолпан Оралғалиевна

докторант, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы, Қазақстан Республикасы
e-mail: sh.oryngalieva@gmail.com

Оралова Әйгерім Шыңғысқызы

аға оқытушы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы, Қазақстан Республикасы
e-mail: oralova1993@mail.ru

Қазбекова Айназ Айтқазықызы

магистрант, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы, Қазақстан Республикасы
e-mail: ainazaitkazina.94@mail.ru

КӘСІБИ ДАЯРЛЫҚ ЖҮЙЕСІ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

Қазіргі даму, жаңару, жетілу мәселелері қоғамда болашақ маманның кәсіби қызметке даярлығы аймағында өз күші мен біліміне сенімді мамандарға қажеттілік артып келеді. Қазақстандық жоғары білім беру жүйесінде болып жатқан ерекишеліктер мен өзгерістер қазіргі реформаларға, оны бағалауға қатысты біршама тартысты мәселелердің шешімі жүзеге асырылу біршама мақсат, міндеттерді алға қояды.

Студент жасатардың білікті де, білімді маман қатарында жетілуі кәсіби даярлықтың өзіндік сипаттамаларын анықтайды. Құзіреттілік мәселесі тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру басты мәселе болып табылады. Болашақ педагогтың кәсіби даярлығын қалыптастыруда, тұлғадағы мамандыққа икемділік белгілі қызметке деген бейімділігінен де көрініс табады. Кәсіби даму үрдісі кәсіби жетістікке, оның кәсіби ортадағы тұлғалық типіне сәйкес қанағаттануына байланысты.

Қазіргі уақытта оқыту үдерісінде студенттерге берілетін ғылыми білімнің теориялық базасының жоғары дәрежеде болуы, мамандар даярлаудың профильдерін кеңейту, оқу пәндерінің кіріктірмелілігін жүзеге асыру, кәсіби бейімдеу, оқытуда студенттердің шығармашылық қабілеттерін арттыратын белсенді оқыту әдістерін кең түрде қолдану көзделуде. Мақалада коммуникативті құзіреттіліктің зерттелу мәселесімен қатар, болашақ мамандарда қалыптастырудың теориялары баяндалған.

Түйін сөздер: құзіреттілік, коммуникативті құзыреттілік, кәсіби даярлық, кәсіби даярлық жүйесі, болашақ педагог, даму үрдісі, жаңа технологиялар

Проблемы современного развития, обновления, совершенствования в обществе возрастает потребность в специалистах, уверенных в своих силах и знаниях в области подготовки будущего специалиста к профессиональной деятельности. Особенности и изменения, происходящие в казахстанской системе высшего образования, ставят перед собой определенные цели, задачи по реализации решения наиболее спорных вопросов, касающихся современных реформ, их оценки.

Зрелость студенческой молодежи в рядах как квалифицированных, так и образованных специалистов определяет специфические особенности профессиональной подготовки. С точки зрения проблемы компетентности основной проблемой является поиск новых эффективных методов внедрения новизны в содержание образования. В формировании профессиональной подготовленности будущего педагога гибкость профессии в личности проявляется в склонности к определенной деятельности. Процесс профессионального развития зависит от профессионального успеха, его удовлетворенности в соответствии с типом личности в профессиональной среде.

В настоящее время в процессе обучения предусматривается высокий уровень теоретической базы научных знаний, предоставляемых студентам, расширение профилей подготовки специалистов, осуществление интеграции учебных дисциплин, профессиональная адаптация, широкое применение в обучении активных методов обучения, повышающих творческие способности студентов. В статье наряду с проблемой изученности коммуникативной компетенции изложены теории формирования у будущих специалистов.

Ключевые слова: компетентность, коммуникативная компетентность, профессиональная подготовка, система профессиональной подготовки, будущий педагог, тенденции развития, новые технологии

Problems of modern advanced development, renewal, and improvement in society, there is an increasing need for specialists who are confident in their abilities and knowledge in the field of training future specialists for professional activities. The peculiarities and changes taking place in the Kazakh higher education system set certain goals and tasks for the implementation of solutions to the most controversial issues related to modern reforms and their assessment. The peculiarities and changes taking place in the Kazakh higher education system set certain goals and tasks for the implementation of solutions to the most controversial issues related to modern reforms and their assessment.

The maturity of students in the ranks of both qualified and educated specialists determines the specific features of professional training. From the point of view of the problem of competence, the main problem is the search for new effective methods of introducing novelty in the content of education. In the formation of professional readiness of the future teacher, the flexibility of the profession in the individual is manifested in the propensity to certain activities. The process of professional development depends on professional success, its satisfaction in accordance with the type of person in the professional environment.

Currently, the training process provides for a high level of theoretical base of scientific knowledge provided to students, expansion of professional training profiles, integration of academic disciplines, professional adaptation, wide use of active teaching methods that increase students' creative abilities. In the article, along with the problem of studying the communicative competence, the theories of formation of future specialists are presented.

Keywords: competence, communication competence, professional training, professional training system, future teacher, development trends, new technologies

ҚР педагогикалық білімді жүйелі модернизациялаудың тұжырымдамалық негіздерінде күзiреттiлiк – қызмет субъектiсiнiң жаңадан пайда болуы (иелену, оның тұлғалық қатынастарына және қызмет мәніне қосатын адамның сәйкес күзiреттiлiктердi меңгеруi) кәсiби даярлау үдерiсiнде қалыптасатын, кәсiби қызмет мәнін құрайтын функционалды мiндеттердi тиiмдi шешуге мүмкiндiк беретiн бiлiмдер, бiлiктер, қабiлеттер мен тұлғалық сапалардың жүйелiк көрiнiсi ретiнде қарастырылады [1].

Студенттердiң болашақ мамандығы, яғни кәсiби iс-әрекетке даярлық мазмұнына тоқталмастан бұрын «даярлық» сөзiне шолу жасасақ, ғылыми әдебиеттерде «даярлық» мәселесi кәсiби дайындықтың маңызды факторы ретiнде қарастырылады. Сонымен қатар, даярлықтың нақтылы бiр формаларына: кәсiби iс-әрекетке, спорттық iс-әрекетке, тәрбие жұмысына даярлық ұғымдарының бiрге талданатынын байқаймыз.

Н.Д.Левитов, Н.В.Мясищев [2] даярлық «белгiлi бiр жұмысқа адамның жарамдығы немесе жарамсыздығы, қабiлеттiлiгi мен қабiлетсiздiгi» ретiнде қарастырып, жалпы және ұзақ мерзiмдiк даярлықтан басқа уақытша даярлық болады. Оны «дайындық алды» кезең деп те атайды.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде даярлық iс-әрекеттi сәттi орындаудың бастапқы iргелi шарты болып табылады. М.И.Дьяченко., Л.А.Кандыбович [3] даярлық құрылымын

қандай да бiр iс-әрекетке, мамандыққа оң көзқарас, iс-әрекет, кәсiп талаптарына мiнез-құлық, темперамент, мотивацияның сәйкес келуi; қажеттi бiлiм, бiлiк, дағдылар; тұрақты кәсiби-маңызды ерекшелiктер: қабылдау, зейiн, ойлау, эмоционалды және ерiктiк үдерiстер деп тұжырымдайды.

Психологиялық-педагогикалық зерттеушiлердiң тағы бiр тобы даярлықтың: мотивациялық (iс-әрекеттi орындауда жауапкершiлiк); операциялық (қажеттi бiлiм, бiлiк, дағдыларды және iс-әрекет әдiс-тәсiлдерiн меңгеру); ерiктiк (өзiн-өзi бақылау, басқару); бағалаушылық (кәсiби мiндеттердi шешуге сәйкес өз даярлығын бағалау) құрылымдарын қарастырады. Осылайша, психологиялық даярлық күйi мамандыққа қойылатын талаптарды ескере отырып, тұлғаның жан-жақты дамуы деп көрсетедi.

Б.Т.Кенжебеков күзiреттiлiк түсiнiгiнiң мәнін тұлғаның теориялық бiлiмi мен тәжiрибелiк бiлiгiн белгiлi бiр мiндеттердi шешу үшiн қолдануға даярлығы және қабiлеттiлiгi деп ашады. Нақтылай кету керек, «даярлық» ұғымы жағдайы мағынасын анықтау үшiн, «...қандай да бiр нәрсе үшiн барлығы жасалған, бәрi дайын», ал қабiлет – «...iстей бiлу, сонымен қатар қандайда бiр iстi жасай алу мүмкiндiгi» мағынасында қолданылған. Зерттеушi «бiлiктiлiк» және «күзiреттiлiк» ұғымдарын салыстыра отырып, «күзiреттiлiк» бiлiктiлiктi сипаттайтын кәсiби бiлiм мен бiлiктен басқа, мынадай сапаларды яғни бастамашылық,

бірлестік, топта жұмыс істей алу қабілеті, коммуникативті қабілеттер, оқу, бағалау, логикалық ойлау, ақпаратты іріктеу, қолдану білігінен және т.б. тұрады [4]. Автордың пікірін тұжырымдайтын болсақ, құзыреттілік жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі мәселелерді ұсынып, шешім жасауда, іс-әрекеттің барысында теориялық білімінің практикалық нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыру іскерліктерінің белсенділігінен көрінеді.

Кәсіби іс-әрекетке даярлықты қарастыратын зерттеулердің ішінен осы тараудың мазмұнына Н.Д.Хмельдің тұжырымдамасы сәйкес келеді. Автор өз зерттеуінде белгілі бір кәсіпке ие адам кәсіби іс-әрекетке даярлық негізін мотивациялық-құндылықтық, мазмұндық және іс-әрекеттік компоненттердің тұрақты бірлігі ретінде анықтады [5].

Болашақ педагогтардың құзіреттілік мәселесі XIX ғасырдың 70-90 жылдары Н.В.Кузьминаның, А.К.Маркованың, М.Ж.Жадрианың және т.б. зерттеулерінде басты компонент және педагогикалық үрдісті басқаруда жаңа мақсат ретінде қарастырады.

А.В.Хуторской [6] құзіреттілік – бұл «алдын-ала тапсырылған әлеуметтік қажетсіну (қалып). Құзіреттіліктер тек біліммен немесе тек білікпен шектелмейді. Олар тәжірибедегі білім мен әрекеттің арасында болатын қарым-қатынастар ортасы болып табылады» - деп көрсетеді.

Осы бағыттағы ізденістерді қарастыра отырып, болашақ педагогтердің кәсіби-тұлғалық құзіреттілігі мәселесінің мазмұны жаңа талаптарды қамтитынын көруге болады. Педагог тілді жақсы меңгеруі тиіс (дәлдігімен, суреттеушілігімен, ішкі ойды түсінуімен және т.б.), бірақ тьюторлық кеңінен таралуда, яғни білім алушыға оқу үрдісінде қоса әсер ету. Білім берудің жобалық – құзіреттілік үлгісі жағдайында мұғалім іс-әрекеті «оқыту-оқу», яғни өзара көмектесіп әрекет жасау нәтижесі» болады. бұл қатынас оқыту үрдісінің нәтижесі де болады» - деп көрсетеді Ю.В.Сенько.

Осыған орай, М.А.Мазниченко педагог «өзінің субъективті емес, білім алушының субъективті ақиқатын ескере отырып (себептері, мәні, құндылығы, құруы және т.б.), онымен бірлестікте жалпы білімдік ақиқатты құрылымдайтынын көрсетеді.

Бүгінгі педагог білім беру үрдісінде білім алушылардың өз бетімен білім алуының, жаңалауының қажеттілігіне, өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жетілдіруде табандылықпен еңбек етуді жете түсінетіндей жағдай жасауға бағдарлануға міндетті.

Ұстаз өзінің әлеуметтік – кәсібилік көрсеткіштерін білуге, білім алушылардың зерделеу жолдары мен кәсібиігін анықтайтын және сапаны бағалаудың әртүрлі әдістерін жетік меңгеруі тиіс. Жоғары деңгейдегі маман болуымен қатар мынандай талаптарға сәйкес іс-әрекет жасауға міндетті: білім беру мазмұнының нұсқалығын сақтау; білім алушының жеке білімдік аймағын жобалай білу; келешек кәсіби іс-әрекетіне сәйкес ортада білім алуын жалғастыру үшін қажетті құзіреттерді қалыптастыру; білім беру үрдісіне интербелсенді, әрекеттілік құзіреттерді енгізуге даярлығы, қабілетті меңгеруі, жобалау – зерттеушілік және коммуникативті әдістермен жұмыс істеуі.

ЮНЕСКО-ның мәліметтері бойынша шешуші құзіреттіліктерге жататындар: әлеуметтік, мәдениаралық, коммуникативтілік, бұйрықтық, адамның өмір бойы оқу қабілеті. Бұл құзіреттер мұғалім мамандығына тікелей қатысты. Ю.В.Сенько «Ұстаздың кәсіби құзіреттілігіне үш блокты: жалпы мәдени, арнайы («өз» пәні аймағында) және басым – психологиялық – педагогикалықты» жатқызады.

Қ.Құдайбергенова «Құзырды әртүрлі кенеттен болған ситуацияларда мәселелерді шешу үшін қажетті білімді немесе әрекетті көрсете білу қабілеті, білім мен өмірлік ситуация арасындағы байланысты орнату мүмкіндігі ретінде, ал құзырлылықты адамның өзіндік деңгейіне, даралық қасиеттеріне тікелей байланысты тұлғалық, теориялық, практикалық өлшеу дәрежесі жоғары деңгейде кіріктірілген құрылым ретінде қарастыру ұсынылады» деп түсіндіреді [7].

Педагогтың коммуникативтік құзыреттілігі – кәсіби интегративтік қасиет, оның негізгі бөліктеріне эмоционалдық тұрақтылық (икемділікпен байланысты); экстраверсия (тағайындалған деңгейі мен эффективті жетекшілікті көрсетеді); тікелей және қайтарымды байланысты ұштастыру мүмкіншілігі; тілдік білімі; тыңдай білу қабілеті;

марапаттай білуі; сыпайылық; жалпы қабілеті жатады.

Коммуникативтік құзыреттілік – біріншіден, жеке тұлғаның дамуы мен өзіндік даму процесіндегі мұғалімнің жеке тұлғалық қасиеті; екіншіден, ұстаздық педагогикалық қарым-қатынастық мақсаты, түйіні, құрылымы, құралы, ерекшелігі туралы хабардарлығының көрсеткіші; қажетті технологиялық деңгейді меңгеруі; маманның жеке психологиялық сапасы; коммуникативтік іс- әрекетін әрдайым жетілдіріп тұруға тырысуы; негізгі құндылық ретінде жеке адамның тұлғасына бейімделе білу, «бағдар ету», сонымен қатар педагогикалық қарым-қатынас кезінде туындайтын міндеттерге шығармашылық, қапысыз шешім таба білу қабілеті. Маман дайындау үшін білім беру үдерісін белсенділендіру, оқытудың жаңа формалары мен әдіс-тәсілдерін жетілдіру қажет. *Оқу үдерісін белсенділендіру* – берік те тиянақты білім берудің жолдарын қарастыру, болашақ мамандардың шығармашылық ойлауына, ізденуіне мүмкіндік жасау, оларды келешек мамандығына қызықтыра алу, оқу үдерісін ғылыми негізде ұйымдастыру және т.б.

Заманауи білім беру парадигмасына сәйкес оқу үдерісі білім алушының тұлғалық дамуы мен қалыптасуы белсенді шығармашылық субъект ретінде қалыптасуына бағытталады. Сондықтан да, болашақ мамандардың коммуникативті құзіреттілігін қалыптастыру оқытудың жетекші принциптерін негізгі алу қажеттілігін көрсетеді. Бұл тұжырым іс-әрекеттің психологиялық теориясына негізделіп, жүзеге асырылатын әрекет, қызметті орындаудың нәтижелілігі. Бұл сандық жинақтау (сөздік қорын, сөйлеу көлемін ұлғайту) және сапалық өзгерістер (айтылу, үйлесімді сөйлеуді

дамыту, кері сөйлеуді түсіну). Алайда, тұлғаның коммуникативті қалыптасуының қарқындылығы мен сәттілігінің негізгі критерийі - әр түрлі сипаттағы коммуникативті міндеттерді түсіну, қою және шешу қабілеті, сөйлеу-ойлау әрекетін басқа адамдармен, ақпарат құралдарымен және өзімен қарым-қатынаста дұрыс және оңтайлы пайдалану мүмкіндігі. Оқылатын пәндер бойынша арнайы ұйымдастырылған жаттығулар жиынтығын енгізу тұрақты оң нәтижелерге қол жеткізуге көмектеседі.

Қазіргі жағдай студенттен жаңа күрделі коммуникативті мәселелерді белсенді шешуді талап етеді: студенттердің бір-бірімен және оқытушымен зерттелетін материал туралы іскерлік қарым-қатынасты ұйымдастыруды да назарға алған жөн. Сондықтан қарым-қатынастың жоғары формаларын дамыту өте маңызды, бұл оқытушы мен білім алушы арасындағы, құрдастары арасындағы қарым-қатынастың жаңа түрін қалыптастырудың алғышарты болып табылады. Диалог, жанды қарым-қатынас, тренингтер, тілдік қарым-қатынас дамудың негізі. Сонымен қатар, оқытудағы коммуникативті тәсілдің негізгі сипаттамасы - "қарым-қатынасты үйрену". Білім алушылардың сөйлеу құзіреттілігін дамыту оқытушының сөйлеу қарым-қатынасын оқыту мақсаттарын түсінуін қамтиды. Сөйлеу құзыреттілігі пән мазмұнына оқыту арқылы; қолданбалы зерттеу дағдыларын дамыту; әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларды дамыту; оқу коммуникациясының тұлғаға бағытталған аспектісі арқылы дамиды. Қорыта келгенде, болашақ педагогтердің коммуникативті құзіреттілігін дамыту арқылы кәсіби қызметке даярлығын жүзеге асыра алатындығымызға көз жеткіздік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Пралиев С.Ж., Жампеисова К.К., Хан Н.Н. Концетуальные основы системной модернизации педагогического образования РК. //Педагогика және психология – 2015. №1 с.44-50
2. Кучерявенко, И. А. Проблема психологической готовности к профессиональной деятельности / И. А. Кучерявенко. — Текст: непосредственный // Молодой ученый. — 2011. — № 12 (35). — Т. 2. — С. 60-62.
3. Грачев Ю.А. Понятие «готовности к деятельности» в системе современного психолого-педагогического знания. Вестник Санкт-Петербургского университета МВД России № 4 (52) 2011
4. Кенжебеков Б.Т. Университет студенттерінің кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы. Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық универ-ті, 2001ж.-275 б
5. Хмель Н.Д. Жалпы білім беретін мектептегі педагогикалық үдеріс.-Алматы: Ғылым, 2002.-172 б
6. Хуторской А.В. Современная дидактика. Учебное пособие. 2-е изд. – М.: Высшая школа, 2007. – 639 с.
7. Жұмабекова Ф.Н. Болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігін жетілдіру мәселелері // «Тұтас педагогикалық процесс теориясы-болашақ мұғалімді кәсіби дайындаудың негізі» халықаралық материалдары. – Алматы, 2014 – Б.134-138.

Султанова Нургуль Камильевна

Лауазымы: педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

Пошталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, Шәкәрім көшесі, 13 үй, 31 пәтер

Ұялы телефоны: 8 708 390 5146

e-mail: wrach100@mail.ru

Орынғалиева Шолпан Оралғалиевна

Лауазымы: 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығының III курс докторанты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

Пошталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, Сорокин көшесі, 34 үй, 126 пәтер

Ұялы телефоны: 8 775 799 08 74

e-mail: sh.oryngalieva@gmail.com

Оралова Әйгерім Шыңғысқызы

Лауазымы: педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

Пошталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, Абай көшесі, 94 үй

Ұялы телефоны: 8 777 543 01 75

e-mail: oralova1993@mail.ru

Қазбекова Айназ Айтқазықызы

Лауазымы: 6M010300 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының II курс магистранты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

Пошталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Кирпичный завод көшесі, 3-6

Ұялы. тел: 8 778 124 37 13

e-mail: ainazaitkazina.94@mail.ru

Кәсіби даярлық жүйесі негізінде студенттердің коммуникативті құзіреттіліктерін жетілдіру

Султанова Нургуль Камильевна

Должность: кандидат педагогических наук, доцент, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г.Семей, ул.Шакарима, дом 13, кв.31

Номер сот.т.: 8 708 390 5146

e-mail: wrach100@mail.ru

Орынғалиева Шолпан Оралғалиевна

Должность: докторант 3 курса специальности 6D010300 – «Педагогика и психология», Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г.Семей, ул.Сорокина, дом 34, кв.126

Номер сот.т.: 8 775 799 08 74

e-mail: sh.oryngalieva@gmail.com

Оралова Әйгерім Шыңғысқызы

Должность: старший преподаватель кафедры Педагогика и психологии, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г.Семей, ул.Абая, дом 94

Номер сот.т.: 8 777 543 01 75

e-mail: oralova1993@mail.ru

Қазбекова Айназ Айтқазықызы

Должность: магистрант 2 курса образовательной программы 6M010300 – «Педагогика и психология», Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г.Семей, ул.Кирпичный завод, дом 3-6

Номер сот.т.: 8 778 124 37 13

e-mail: ainazaitkazina.94@mail.ru

Совершенствование коммуникативных компетенций студентов на основе системы профессиональной подготовки

Sultanova Nurgul Kamilevna

Position: candidate of Pedagogical Sciences, Head of the Department of Pedagogy and Psychology, Kazakh Humanities Law Innovative University

Mailing address: 071400, Semey city, 13 Shakarima street, sq. 31

Cell phone number: 8 708 390 5146

e-mail: wrach100@mail.ru

Oryngaliyeva Sholpan Oralgalievna

Position: 3rd year doctoral student, specialty 6D010300 - " Pedagogy and psychology», Kazakh humanitarian and legal innovation University

Mailing address: 071400, Semey city, 34 Sorokina street, 126 sq.

Cell phone number: 8 775 799 0874

e-mail: sh.oryngalieva@gmail.com

Oralova Aigerim Shungyzkizi

Position: senior lecturer of the Department of Pedagogy and psychology, Kazakh humanitarian and legal innovation University

Mailing address: 071400, Semey city, Abay street, 94 sq

Cell phone number: 8 777 543 01 75

e-mail: oralova1993@mail.ru

Kazbekova Ainaz Aitkazikizi

Position: master's student 2nd year educational program 6M010300- " pedagogy and psychology», Kazakh humanitarian and legal innovation University

Mailing address: 071400, Semey city, Kirpichnyy zavod St. 34-126

Cell phone number: 8 778 124 37 13

e-mail: ainazaitkazina.94@mail.ru

Improving students ' communication skills based on the professional training system



РАЗДЕЛ 4 ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ

Ответственный редактор:

Адильбаева А.С. – доктор исторических наук

Ведущие эксперты:

Болатова К.Б. – кандидат исторических наук

Рамазанова Ф.С. – кандидат исторических наук

ӘОЖ 330.322

Адилбаева Айгүл Серікханқызы

тарих ғылымдарының докторы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ., Қазақстан Республикасы

e-mail: aigulmalika@mail.ru

Анарбеков Шыңғыс Бейбітұлы

магистрант, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ., Қазақстан Республикасы

e-mail: shyngys.kz.khan@mail.ru

ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАННАН KEЙІНГІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХЫ

Аталмыш мақалада жас мемлекетіміздің 1991 жылы тәуелсіздігімізді алып, егеменді ел болып қалыптасқан кезеңде, елбасымыздың бастауымен қабылданған стратегиялық-бағдарламалар мен еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен тарихы жайында баяндалады.

Түйін сөздер: Инвестиция, экономика, инфрақұрылым, реформа, әлеумет, стратегия, нарық, капитализм, индустрия.

В данной статье рассказывается об истории и социально-экономическом развитии нашей страны, стратегических программах, принятых главой государства в период становления нашего молодого государства как суверенной страны, обретшей независимость в 1991 году.

Ключевые слова: Инвестиции, экономика, инфраструктура, реформа, социум, стратегия, рынок, капитализм, индустрия.

This article describes the history and socio-economic development of our country, the strategic programs adopted by the head of state during the formation of our young state as a sovereign country that gained independence in 1991.

Keywords: Investment, economy, infrastructure, reform, society, strategy, market, capitalism, industry

Қазіргі замандағы егеменді Қазақстанымыз 1991 жылы тәуелсіз мемлекет боп қалыптасқан соң белін бекем буып, алға қарай жылжудың жолдарын іздестірді. Сол бастапқы кезеңдерде әлеуметтік-экономикалық және саяси ахуал шын мәнінде сын көтермес күйде еді. Қазақстанның экономикалық және саяси мүмкіндіктері сырттан осылай бағаланды: экономикасы әлжуаз, қазынасы бос, саяси жүйесі балаң, Кеңестер Одағы заманының конституциясы бойынша өмір сүріп жатқан, одан бар болғаны белгілі бір әскери әлеует қана еншілеген ел саналдық. Былайғы дүние бізді көзге де ілген жоқ. Әлемдік қоғамдастықты біздің ядролық қару-жарағымыз ғана алаңдатты. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастауымен еліміздің дамуына осы уақытқа дейін әр түрлі стратегиялық бағдарламалар жолданып, 30 жыл ішінде іргелі ел болып, қалыптасуымызға өзіндік септігін тигізді. Сана мен сезімнің шиеленісі мен ширығуы жағынан бұл ерекше жылдар болды. Бұл біздің мемлекетіміздің алдағы жүрер

жолын айқындайтын аса маңызды шешімдері қабылданған жылдар болды. Сол кезде қабылданған бір ғана бұрыс шешім еліміздің жүрер жолының бағыт-бағдарын елеулі өзгеріске ұшыратуы әбден ықтимал еді. Елбасымыздың бастауымен «Қазақстан - 2050, 2030, 2020», «Мәңгілік ел», «Рухани Жаңғыру» сынды әр тарапты елімізді алдыға жетелеп, әлеуметін көтеретін стратегиялық бағдарламалар қабылданды. Осы бағдарламалар қазіргі кезге дейін өзіндік өзектілігін жоғалтпай іске асырылып келуде. Басқа елдердің біздің батылдығымызға, жігерімізбен қабілетімізге, сайып келгенде еркіндігімізге қайран қалары анық.

Өйткені, бүгінгі күні біз жасаған дүниені рухы мықты халық ғана жасай алады. Халқымыз алдына анық та айқын мақсат қойды, жақсы өмір сүргісі келді, еркіндікке ұмтылды, ата-бабаларымыз келешек ұрпақтың лайықты өмір сүруін қалады және осыған өз ғұмырларының ұзақ жылдарын арнады. Бабаларымыздың еңбектері еш зая кеткен жоқ.

Қазіргі күнде еліміз әлемнің алпауыт елдерімен үзеңгілес боп әр салада өркендеуде. Біздің қазіргі таңдағы жетістігімізбен болашаққа қадам жасау үшін еліміздегі қабылданған саяси шешімдерімізбен тарихымызды саралап, алға ұмтылуымыз қажет. Енді жалпы қандай да болмасын мемлекеттің көркеюі оның әлеуметтік-экономикалық саяси жағдайына тікелей байланысты болады. Мемлекеттің әлеуметтік саясаты - қоғамның әлеуметтік-экономикалық өмір сүру жағдайын реттеудің бір бағыты болып табылады. Ол елдегі жалпы экономикалық жағдаймен тығыз байланысты және екі жақты қызмет атқарады. Бір жағынан, әлеуметтік саясатта тікелей және жанама түрде экономикалық дамудың мақсаттары көрініс алады. Себебі экономикалық іс-әрекет қоғамның барлық топтарына жақсы жағдай жасау мақсатында жасалады. Екінші жағынан, әлеуметтік саясат экономикалық өсудің факторы болып келеді. Егер экономикалық даму халықтың жағдайын жақсартпаса, онда еңбек өнімділігі төмендеп, жұмыс күшінің сапасы кемиді және қоғамда әлеуметтік тұрақсыздық пен қарама-қайшылық артады. Әлеуметтік саясат әр елде әр түрлі қалыптасады және оның нәтижелік көрсеткіштерін халықтың өмір сүру деңгейі сипаттайды. Кеше ғана кеңестік замандағы Қазақстанға марксизм ғылым рөлін атқарса, бүгін біз одан өзгеше басқа ғылымды іздеудеміз. Соңғы кездерде социализм идеясының өзі мен оның өткендегі жетістіктері негізсіз түрде теріске шығарылуда. Дегенмен нақ шақтағы қазақ елінің ахуалын жақсартып немесе төмендетіп айтсақ та, кеңестік замандағы және кейінгі жылдардағы жасалған әлеуметтік саясаттың тарихын зерделей салыстырсақ, келешектегі дамуға оң септігін берері сөзсіз. Осыған байланысты орынды сұрақ туындайды: бізге жалпы айтқанда капитализмді қайта қалпына келтіру қажет пе? Біздің елде капитализмнің табиғи даму үрдісі үзілді. Белгілі жағдайлар оның дамуына мүмкіндік бермеді. Біз шын мәнінде феодалдық елде социализм құруды шештік. Мұның салдарынан қоғамдық-экономикалық және саяси формация жіберіліп алынып, белгілі нәтижелерге әкелді. Қазақстан Республикасы қазір қоғамдық дамудың қандай сатысында орналасқан? Алдымен капиталистерді,

байларды, феодалдарды жойдық олар К. Маркстің теориясы бойынша өндірісті ұйымдастырушылар болуға тиіс еді. Сөйтіп, біздің елде ЖЭС кезеңінен 1992 жылға дейін жалдамалы еңбек қағидалары қолданылды. Алайда бұл шындығында болмаған социализм пердесімен бүркемеленді. КСРО-да экономикалық дағдарыс М.С. Горбачев айтқандай 70 жылдары емес, одан әлдеқайда бұрын басталды. Объективті түрде дағдарыстық жағдай тіпті 50-жылдары байқалды. Өйткені социалистік қоғамның негізі социалистік құрылыс емес, мемлекеттік капитализм болды. Біз феодализмнен капитализмге өтудің орнына 70 жыл мемлекеттік капитализмде өмір сүрдік. Бұл жүйе еліміздің дамуын тежеді. Азамат қоғамы тарихында меншіктің толығымен мемлекеттендірілген жағдайындағы орталықтандырылған жоспарлы шаруашылық жүйесін нарықтық қатынастарға өту оқиғасы болып көрген емес. Оның үстіне ғасырлық дәстүрлері мен тұрақтылығы үстем номадтық өндіріс тәсілі және кеңестік тоталитаризмнің реквизиция, национализация, тәркілеу жаппай ұжымдастыру сияқты қасиеттерін басынан өткізген халықтың сан қилы да өте күрделі тарихи тағдыры бар елде болғанын ескерген жөн. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2030» жолдауында «Біздің жаңа мемлекетті, жаңа нарықтық экономика мен жаңа демократияны көптеген өзге де жас тәуелсіз мемлекеттер осы тәрізді жолды басынан кешіп те үлгерген уақытты құру үстіндеміз» деп атап көрсеткен болатын.[1] Қазақстан КСРО кезінде экономикалық саясатты өз алдына жүргізген жоқ. Өйткені өндіргіш күштердің дамуының барлық мәселелері жалпы одақтық еңбек бөлінісі және табиғи-шаруашылық кешені шеңберінде тек орталықта ғана шешілетін. Н.Ә. Назарбаевтың «Ғасырлар тоғысында» атты еңбегінде өткеннен қалған қазіргі ауыр жағдайдың себептерін айқын ашып көрсеткен.[2] Сондықтан да әкімшілік және экономикалық өзгерістерді жасау өте қиынға соқты. Егемендікке ие болған және шаруашылықты жүргізудің нарықтық негіздеріне көшкен Қазақстанның геосаяси саясаттың өзгеруі жеке мемлекеттік саясатты қалыптастыру қажеттігін тудырды. Президент жолдауында реформаларды іске асыруға

байланысты болған өзгерістер ескеріліп, болашақтағы мақсаттар мен стратегиялық және тактикалық міндеттер белгіленген. Елбасы өте маңызды ұзақ мерзімді басым мақсат пен жоғары деңгейдегі шетелдік инвесторлары бар дамыған нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсуді атайды. 1991 жылы егемендікке қол жеткізгенде экономикалық жағдайдың өзгеруі, жаңа нарықтық жүйелердің қалыптасуын талап етті. Елімізде нарық жүйесін қалыптастырған кезде өзіндік ерекшеліктері ескерілуге тиіс болды. Оған 1992-2002 жылдардағы сияқты экономиканың өсуі мен қарқынды дамуын айтуға болады. Қазақстан нарығының дамуы 3 кезеңге бөлінеді:

1) 1991-1993 жылдары ең күшті соққы халыққа баға бірнеше өсіп, жалақы мен зейнетақы, жәрдемақы бірнеше айға кешіктірілгенде тиді. Ақша реформасы өтті – қаржы қарыздары, есепке алу, баспа-бас айырбастар енгізіліп, төленбеген төлемдер пайда болды. Жеткізушілер тек өзінің меншікті өнімдерімен есеп айырысты. Мұның нәтижесінде республикада баспа-бас айырбастау үлесі 45%-ға жетті.

2) 1994-1998 жылдары үкімет нарық механизмдерінің элементтеріне қатысты тіркелген бағам енгізіп, меншіктің дамуының жаңа нысандарын құрды. Нарық нысандарының қарқынды дамуы меншік иелерінің жаңа таптарының құрылуына, жеке меншіктің нығаюына әкелді. Мұнда баға өсуінің қарқыны айтарлықтай төмендеді.

3) 1998 – 2006 жылдары нарық жеке меншіктің кенею жағдайында дамыды. Нарықтың қалыптасуында шешуші рөлді шетелдік инвестициялар атқарды және молықтырылған кезеңі болды. Іс жүзінде наннан бастап автомобильге дейін бәрін сатып алуға болатындай мүмкіндік туды.

Қазақстан Республикасы үкіметінің 2000-2003 жылдарға арналған орта мерзімдік әлеуметтік саясаты соңғы жылдары қоғамда көзге көріне қалыптасып қалған оңды әлеуметтік-экономикалық жетістіктер мен жағдайларды тұрақтандырып, экономиканың дағдарыстан шығып өсуіне қарай жұмыссыздық пен кедейшілікті жоюға және әлеуметтік дамудың ұзақ мерзімдік негізін қалауға бағытталған. Мемлекетіміздің статистика және

сараптау комитеті ай сайын қазақстандықтардың тұрмыс деңгейін анықтау мақсатында арнайы статистикалық бақылау және зерттеу жұмыстарын жүргізеді. «Қазақстан-2030» ұзақ мерзімдік даму стратегиясында халықты әлеуметтік қорғау, жұмыссыздық пен кедейшілікті жою бірінші кезекте тұрған негізгі әлеуметтік мәселе ретінде атап көрсетілген. Елбасымыз «Қазақстан-2030» жолдауында инвестиция мәселесіне көп көңіл бөлген. Ол үшін алдымен ыңғайлы инвестициялық климат жасау керек. Бұл үшін президент жарлығымен тікелей инвестицияларды қолдайтын біздің саясатымызды іске асыру құқығына ие, Қазақстандағы бірден-бір мемлекеттік орган мәртебесі бар инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитет құрылды. Инвестиция комитеті халықаралық ұйымдарға кіре бастады. Инвестицияны тартуды көтермелеу жөніндегі халықаралық агенттікке мүше болды. 1997 жылы 28 ақпанда тікелей инвестицияларды ынталандыру мақсатында, инвестициялар тартуға жеңілдіктер жасаған «Тікелей инвестицияларды қолдау туралы» заң қабылданды. Бұл құжаттың басты мақсаты – өндіріс пен шаруашылықтың аса маңызды салаларын қамтамасыз ету, экономикадағы шикізаттық бағытты жою және оның мынадай салаларын құру: өндірістік инфрақұрылым, мемлекеттік сыртқы займдар, несиелер және республика бюджеті есебінен қаражаттандырылған объектілер. Бұл қаржылардың түрі мұнай өнеркәсібінің шикізат базасын дамытуға, транспорт, энергетика, металлургия және машина жасау мәселелерін шешуге жұмсалады. Бөлінген қаржыларды мақсатты игеру ел экономикасын қалпына келтіру қарқынын өсіруге жағдай жасады. Осының нәтижесінде, 1998 жылы жекелеген кәсіпорындарда өнім өндіру артты. Экономикалық талдаулар 1997 жылы түсті металлургия салаларындағы көтерілудің тұрақтылығын байқатты. Ал бұл жұмыс істеп тұрған және жаңа қуаттарды пайдалану, несие құйылымдарын дұрыс пайдаланудан туған көрсеткіш. Жолдауда елбасымыз кәсіпорындарды жекешелендірудің негізінен аяқталғанын, тек оны соңына дейін толық жеткізу керек екендігін атап айтқанда энергетика, көмір өнеркәсібі, мұнай-газ кешені

және металлургия кәсіпорындарын жекешелендіріп басқарудың жаңа жүйесіне беру керектігін атап көрсетті. Өндіріс орындарын басқарудың келісімшарттары мен оны сатудың тендерлік жағдайлары ең алдымен кәсіпорынның жалақы төлеудегі қарызын өтеуге, бюджетке қаржы беруге, айналым қаржысын толықтыруға, өндірісті жаңғыртуға, инвестиция тартуға, шикізат базасын кеңейтуге және әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталады. Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның индустриялық-технологиялық стратегиясын қалыптастыру қажеттілігі дүниежүзілік тәжірибеден туындағанын атап айтты.[3] Дамушы елдердің кейбірі болмаса, барлығы дерлік еңбекті көп талап ететін өндірістен капитал, технология, ғылым күшін пайдаланатын өндіріске өту жолынан өтті. Өндірістің икемсіздеу, ауыр салмақты құрылымын бірден жөндей қою мүмкін емес. Ал дүниежүзілік тәжірибе жалпы ұлттық өнімді ауыл шаруашылығы мен қазып алушы өнеркәсіп үлесінің азайып оның есебіне өндіріс, әсіресе ғылымға сүйенген, жоғары қосымша құнға негізделген және қызмет көрсету саласы үлесінің өсуіне бағытталған белгілі бір жүйені қажет деп табуда. Алайда, тек әлеуметтік-экономикалық өсу өз алдына бір мақсат емес. Ол бүкіл еліміздің мүддесіне бағытталғанда ғана игі нәтижелер береді. «Экономикалық өрлеудің еліміздің дамуы үшін қаншалықты

маңызды екенін баршамыз түсінеміз. Қарқынды экономика болмайынша біз мектептер мен ауруханаларды қаржыландыра алмаймыз, қоғамды жемқорлық пен қылмыскерліктен қорғай алмаймыз. Сондықтан бұл басымдылық бүгін де, ертең де және алдағы отыз жылдың ішінде де ең маңызды басымдылықтардың бірі болып қала береді.»[4] - деп елбасымыз «Қазақстан-2030» жолдауында әлеуметі мен экономикасы жайында сөз сөйлеген болатын. Елбасымыздың алғашқы егеменді ел болған уақытта жолдауларында, мемлекетімізге шетелден инвесторларды тартып, қазақ халқының ахуалын көтеруге сонымен қоса ғылым мен білім жолында технологияға көп көңіл болуын бағдар жасап, дөп басып айтқан болатын. Қазіргі таңдағы халқымыздың әлеуметтік жағдайы жақсарып, экономикамыздың өрлеуі - әрине кешегі өткен уақытта елбасымыздың «Жеті рет өлшеп бір кесетін шешімі», кеменгерлік басшылығы мен саяси біліктілігінің арқасында болды және осындай асықпай жүріп, анық басатын қадамдары тәуелсіз Қазақстанымызды сөзсіз жарқын болашаққа жетелей бермек.

1. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан-2030. Егемен Қазақстан, 11 қазан, 1997.

2. Н.Ә. Назарбаев. Ғасырлар тоғысында. Алматы, 1996. 38-39-беттер.

3. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан-2030, 11-бет.

4. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан-2030, 11-бет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы. - Алматы, 1993 ж.
2. Қ.Б. Бердалиев. Қазақстан экономикасын басқару негіздері - Алматы, 2001 ж.
3. К.Ө. Берденова, Б.Ә. Есіркесова, Ж.Ж. Жұмабаева. Қазақстанның экономикалық тарихы – Алматы, 2010 ж.
4. Ө.Қ. Ескараев. ҚР-ның нарығын мемлекеттік реттеу – Алматы, 2007 ж.

Адилбаева Айгүл Серікханқызы

Лауазымы: тарих ғылымдарының докторы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

Пошталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Ибраева, 145-12

Ұялы тел.: 8775 623 50 07

Email: aigulmalika@mail.ru

Анарбеков Шыңғыс Бейбітұлы

Лауазымы: магистрант, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

Пошталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, Жаңақұрылыс, 11 үйі.

Ұялы тел.: 8778 405 90 98

Email: shyngys.kz.khan@mail.ru

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі ҚР-ның әлеуметтік-экономикалық тарихы

Адилбаева Айгүл Серікхановна

Должность: доктор исторических наук, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет.

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г. Семей, Ибраева, 145-12

Сот.ном.: 8775 623 50 07

Email: aigulmalika@mail.ru

Анарбеков Шынгыс Бейбитович

Должность: магистрант, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул.Новостройка, 11

Сот.ном.: 8778 405 90 98

Email: shyngys.kz.khan@mail.ru

Социально-экономическая история РК после обретения независимости

Adilbaeva Aigul Serikhanovna

Position: Doctor of history, Kazakh humanities and law innovation university

Mailing address: 071400, Republic of Kazakhstan, Semey city, Ibraeva, 145-2.

Mob.phone: 8775 623 50 07

Email: aigulmalika@mail.ru

Anarbekov Shyngys Beibytovich

Position: Undergraduate, Kazakh humanities and law innovation university

Mailing address: 071400, Republic of Kazakhstan, Semey city, Novostroika, 11

Mob.phone: 8778 405 90 98

Email: shyngys.kz.khan@mail.ru

Social-economic history of the Republic of Kazakhstan after independence

XҒТАР 03.20.20

Адилбаева Айгуль Серикханқызы

тарих ғылымдарының докторы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.,
Қазақстан Республикасы

e-mail: aigulmalika@mail.ru

Бәзен Балжан Қанатқызы

PhD докторанты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ., Қазақстан
Республикасы

e-mail: bbazen@mail.ru

СЕМЕЙ ОКРУГТІК ЖЕР БАСҚАРМАСЫ ЖӘНЕ СЕМЕЙ ОБЛЫСТЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ БАСҚАРМАЛАРЫ ТҰСЫНДАҒЫ ЖЕР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бұл мақалада Семей округтік жер басқармасы және Семей облыстық ауыл шаруашылық басқармалары тұсындағы жер мәселелері мен қызметінің тарихы қарастырылады.

Түйін сөздер: жер, жер мәселесі, комитет, земство, билік, мекеме

В данной статье рассматривается история земельной проблемы и деятельности Семипалатинского районного земельного управления и Семипалатинского областного управления сельского хозяйства.

Ключевые слова: земля, земельный вопрос, комитет, земство, власть, учреждение.

This article examines the history of the land problem and the activities of the Semipalatinsk district land administration and the Semipalatinsk regional Department of agriculture.

Key word: land, land question, committee, council, authority, institution

Жалпы Қазақстанның әкімшілік-территориялық құрылымы XIX-XX ғасырларда көптеген өзгерістерді басынан кешірді. Сол әкімшілік-территориялық өзгерістердің маңызды шегі 1928 ж. келіп тіреледі. 1928 ж. 17 қаңтардағы Қазақ АКСР-нің Орталық Атқару Комитетінің нұсқауы бойынша Қазақстанда жаңадан әкімшілік-территорияларға бөлу іске асырылып, губерниялық, уездік және болыстық бөліністер жойылды. Оның орнына округтер мен аудандарға бөлу енгізілді.

1928 ж. осы уақытқа дейінгі алты губерния, екі округ, отыз екі уезд және 400 болыстықтардың орнына 13 округ және 193 аудан құрылды. Жаңа аудандардың құрылуы кеңес аппаратының бұқара халыққа жақындасуына, оларды кеңес құрылысына тартуға ықпалын тигізді. 1929 ж. әкімшілік-территориялық қайта құру негізінен аяқталды. Осындай әкімшілік-территориялық өзгерістерге байланысты Семей губерниясының уездері мен болыстықтарынан Ақмола, Қарқаралы, Павлодар, Семей және Сырдария округтері құрылды. Ал Семей округі бұрынғы Семей губерниясының Өскемен, Бұқтырма, Зайсан және Семей уездерінің болыстықтары мен Жетісу губерниясының Лепсі уезінің бөліктерінен құрылды [1, с.200].

Жаңадан құрылған Семей округінің құрамына 23 аудан кірді. Өзінің көлемі бойынша округ губерниядан әлдеқайда кішкене болды. Оның кеңестік және әкімшілік-шаруашылық органдарына бұрынғы губерниялық органдардың барлық құқықтары берілген болатын. Осы кезден бастап Семей губерниялық жер басқармасының орнына келген Семей Округтік жер басқармасы өз қызметін 1928-1930 жылдар аралығында өткізді. БОАК 1930 жылғы 17 желтоқсандағы қаулысына сәйкесінше осы жылдың 23 шілдесінде елдегі округтік бөлініс жойылып оның орнына іріленген аудандық бөлініс енгізілді. Қазақ ОАК 1932 ж. 20 ақпандағы II сессиясының VIII отырысындағы қаулыға сәйкес Қазақстанда облыстық бөлініс енгізіліп, Шығыс Қазақстан облысының орталығы Семей қаласы болып анықталды.

Негізінен, 1928 ж. 28 тамызда «Байлар мен жартылай феодалдарды жер аудару және кәмпескелеу» туралы арнайы Қаулы қабылданды. Одан кейін «өткізіліп жатқан науқанды мұқият ұйымдастыру үшін» (осы науқанды 64 күннің ішінде өткізу жоспарланған, 1928 ж. 1 қарашасына қарай), Қазақ АКСР-і ОАК өзінің қабылдаған қаулысынан кейін үш күннен соң (30 тамызда) арнайы Ережені бекітті, ол бойынша

республиканың барлық аудандары көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы деп үш топқа бөлінді. Сол Ереже арқылы қазақтың ауқатты шаруашылықтарын кәмпескелеу мен шаруашылық иелерін жер аударуды тездетуді қолға алды. Семей округінің Белағаш, Жаңасемей, Зайсан, Күршім және Марқакөл аудандары отырықшылар қатарына жатқызылды [2,403 п.]. 100-150 мал басы барлардың барлығы дерлік кәмпескелеу мен жер аударуға ұшырады. Ал Семей округінің қалған аудандары жартылай көшпелілер қатарына жатқызылды. Кәмпескеленген мүліктер ауыл кедейлері, колхоздар мен совхоздар арасында таратылды. Соның ішінде үйлер мен күймелі арбалар «кеңестік мекемелерге, мал дәрігерлік және дәрігерлік пунктерге» тапсырылды.

Ал кәмпескеленген малды таратуда ең алдымен жоғары дәрежеде ауылдың кедейлеріне бөлінді. Семей округінде 112 қазақ колхоздарының бөлінбейтін қорына 2761 мал басы берілді. Кәмпескеленген мүліктерді таратуда (4076 шаруашылықтың) 5,75% кедейлері мал басына ие болды. 1928 жылы өлкеде 71 мың кедей, 80 мың орта және 9 мың бай шаруашылықтары болған.

1928 жылы 27 тамызда “Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу мен жер аудару” туралы декрет қабылданады. Бұл қаулының орындалуы 1928 жылдың 1-қарашасына дейін деп белгіленіп, кейін он күнге шегерілді. Ал Семей округіндегі тәркілеу Қызылордадағы өкіметтің нұсқауы бойынша 1928 жылдың 25 қарашасында тоқтатылған, Тәркілеуді жүргізудегі негізгі мақсат кедейлер мен орташа тап өкілдерін байларға қатысты экономикалық тәуелділігінен және олардың қанауынан босату еді.

1928 ж. 27 тамызында қабылданған қаулыға қатысты қосымшалар мен нұсқауларда тәркілеудің мақсаты мен мазмұны айқын көрсетілді. Мысалы, 1928ж. 10 қыркүйектегі тәркілеуді жүргізуге қатысты директивада: “Түсіндіру науқанындағы ескеретін жағдай ірі байлар мен жартылай феодалдарды тәркілеу науқанын партияның XV съезіндегі ірі кулак пен байды тәркілеу жөніндегі нұсқаулармен шатастыруға болмайды. Себебі қазіргі тәркілеу дегеніміз аз уақыттың ішінде тікелей революциялық шабуыл арқылы (тәркілеу, жер аудару) байлардың ауылдағы ықпалын төмендету, ал кулак пен байды құрту дегеніміз

ұзаққа созылатын шаралар. Оларды тек ЖЭС негізін қолдай отырып, бай кулакқа қарсы шыққан кедей – батрақ, орташалардың күрделі күресімен жүзеге асыруға болады. Жалпы алғанда байға қарсы күрес үздіксіз дамып отыруы қажет. Тәркілеудің өз деңгейінде өткізілуі үгіт насихаттың дұрыс жүргізілуіне тікелей байланысты», деп көрсетілді. Соған орай, партиялық және кеңестік органдардың шешімімен 1928 жылдың 15-ші қыркүйегінен бастап тәркілеуге қатысты үгіт-насихат жүргізіледі деп қарастырылды [3, 128-128 арт п.п.]. Байларды тәркілеуге қатысты үгіт-насихат жұмыстары округ бойынша қанағаттанарлық деңгейде жүргізілген. Тәркілеу жүргізілген 9 аудан бойынша 9 аудандық комиссия ұйымдастырылып оның қатарына 49 адам мүше болған. Тәркілеу жүргізілген аудандар төмендегідей: Бесқарағай, Қызылтан, Шыңғыстай, Жарма, Аягөз, Ұлан, Күршім, Тарбағатай және Қызылтас. 1 қарашадағы мәлімет бойынша, жалпы 889 жиналыс өткізілген, оған 60633 адам қатысқан. Бұл жиналыстардың 63-і партия жиналысы оған 1197 адам қатысты, 39-ы комсомолдық оған 1323 адам қатысқан, 26-ы Қосшы одағының жиналысы оған 1192 адам қатысқан, 53-і кедей-батрақтардың, 36-сы әйелдердің жиналысы болса, 36855 адам қатысқан біріккен жиналыс өткен [4, с.21-22]. Бұл жиналыстарда тәркілеуге жататын байлардың тізімі мен тәркілеу науқанын жүргізуге қатысты сауалдар талқыланды.

Жалпы 27 тамыздағы декрет округке 8 қыркүйекте ғана келіп жеткен. Ал науқанды жүргізуде басшылық ететін Округтік Комиссия 30 тамыздың өзінде құрылған. Оның құрамында: Төраға ж. Атаниязов М.А. және ж. Қожанов (ОкрЖБ), Кеммер (ОГПУ). Мұрзатаев (Қосшы одағы) және Жұмжерорман одағының округтік бөлімшесінің өкілі ж. Шведенко болды [5, 2 арт п.]. Бұл комиссия өз жұмысына 5 қыркүйектен бастап кіріскен еді.

Қабылданған декрет бойынша, ірі байларға көшпелі аудандарда төрт жүз бастан жоғары ірі қарасы бар, жартылай көшпелі аудандарда үш жүз бастан жоғары ірі қарасы бар қожалықтар жатқызылған. Ал отырықшы аудандарда мұндай меже жүз елу бастан жоғарыдан басталған.

Ірі байлардың мал санын есепке алу 1928 жылдың 30 тамызындағы Қазақстан Халық

комиссарлар кеңесінің “Бір малдың түрін екіншісіне ауыстыру көрсеткіші” туралы қаулысына сәйкес жүзеге асырылды. Ол қаулы бойынша ірі қараға екі жастан асқан жылқы, сиыр, өгіз, түйе жатқызылды. Малдың қалған түрлерінен бір ірі қараға үш бас құлын, екі бас тай, 1,5 бас құнан, 1,5 бас құнажын, 3 бас тайынша, 5 бас бұзау, 5 бас қой, 6 бас ешкі, 3 бас меринос қойы, 3 бас бота, 2 бас тайлақ

теңестірілген [6, 1 п.]. Тәркіленіп алынған малдың 60-70%-ы қазақ кедейлеріне, қалғаны колхоздар мен совхоздарға, ал асыл тұқымды мал - мемлекеттік асыл тұқымды мал өсірушілерге берілуі тиіс болды. Аудан комиссиясының мәліметі бойынша, жер аударылған байлардың тәркіленген жалпы мал санының көрсеткіші төмендегідей:

Топ	Шаруашылық саны	Мал саны 1/1–1928ж.	Тәркілеу кезінде есепке алынғаны	Соның ішінде тәркіленгені	Еңбек қажеттілігіне сай қалдырылғаны	Алынғаны
1 топ	44	11750,65	7866,46	2591,79	633	7233,46
2топ	17	2206,10	1711,92	154,80	238	1455,92
Жалпы саны	61	13956,75	9578,38	2746,59	871	8689,38

Егер 1928 жылдың 1-ші қаңтарындағы мал саны мен заттарды жалпы тәркіленіп алынған мал санымен салыстыратын болсақ, онда біз айтарлықтай айырмашылықты байқаймыз. Ол әрине малдың алдын-ала сатылып жіберілуімен немесе жасырылып қоюымен түсіндіріледі. Малды жасыру тәркілеу кезінде де орын алған. Жасырудың әр түрлі әдістері қолданылған. Мәселен, малды басқа байларға беру, сатып жіберу, тұрғындар арасына немесе тіпті басқа округтерде уақытша тығып қою, кейде сенімді болу үшін орыс тұрғындарына да бере тұрған. Тәркіленген мал кедей батрақтарға, жеке және ұжымдасқан шаруашылықтарға бөлініп берілген. Комиссияның мәліметі бойынша, байлардың мүлкі, яғни ірі қараға балап есептегенде 7861 бас 112 колхозға және 1902 жекелеген шаруашылықтарға берілген [7, 105 п.].

Қазақстан Халкомының 1928 жылы 30 тамызда шығарған қаулысы мал санына қарай анықталған ірі байлардың жер аударылу бағытын айқындап берді. Мәселен, Семей округіне Қостанайдан жер аударылып келгендер – Бесқарағай, Белағаш, Қызылтан, Ұлан, Жарма, Жаңа-Семей, Аягөз аудандарына қоныстандырылу көзделеді [8, 30 арт п.]. Жалпы, Семей округінен Сырдарияға жер аударылған шаруашылықтардағы адам саны 446, оның 99-ы ер адам, 125-і әйел адам, 121-і жасы 18-ге толмаған ұлдар, 101-і жасы 18-ге толмаған қыздар болды. Жер аударылғандардың ішіндегі 45 адам Комиссияның шешіміне қарсы шағымданған. Олар өздерінің малдарының декретте қарастырылған мал санымен сәйкес келмейтіндігін айтқан, алайда 45 шағымның ешқайсысы да қанағаттандырылмаған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Справочник административно-территориального деления Казахстана (август 1920г.– декабрь 1936 г.). – Алма-Ата: Наука, 1959. – 482 с.
2. ҚРШҚО. ҚЗТҚО. 266 қор. -1-т. 981-іс.
3. ҚРШҚО. ҚЗТҚО.- 74 қор, 1 т., 59 іс.
4. Краткий отчет о работе Семипалатинского Губисполкома – Окрисполкома. За 1927 – 1928 операц.год. – Семипалатинск: изд. Окрисполкома, 1928. – 100стр.
5. ҚРШҚО. ҚЗТҚО.- 74 қор, 3 т., 36 іс.
6. ҚРШҚО. ҚЗТҚО.- 74 қор, 3 т., 7 іс,
7. ҚРШҚО. ҚЗТҚО.- 74 қор, 3 т, 62 іс.
8. ҚРШҚО. ҚЗТҚО.- 74 қор, 3 т., 8 іс,

Адилбаева Айгул Серикханқызы

Лауазымы: тарих ғылымдарының докторы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

Пошталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Ибраева көшесі, 145-12

Ұялы телефон: 87756235007

E-mail.ru: aigulmalika@mail.ru

Бәзен Балжан Қанатқызы

Лауазымы: PhD докторанты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

Пошталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Қостанай көшесі, 79

Ұялы телефон: 87476564890

E-mail.ru: bbazen@mail.ru

Семей округтік жер басқармасы және Семей облыстық ауыл шаруашылық басқармалары тұсындағы жер мәселелері

Адилбаева Айгул Серикхановна

Должность: доктор исторических наук, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Ибраева, 145-12

Сот.тел: 87756235007

E-mail.ru: aigulmalika@mail.ru

Базен Балжан Канатовна

Должность: докторант PhD, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Костанайская, 79

Сот.тел: 87476564890

E-mail.ru: bbazen@mail.ru

Земельные вопросы при семейском окружном земельном управлении и семипалатинском областном управлении сельского хозяйства

Edilbaeva Aigul Sirichanya

Position: doctor of historical Sciences, Kazakh humanitarian and legal innovation University

Postal address: 071400, Republic of Kazakhstan, Semey, Ibraeva str., 145-12

Cell phone: 87756235007

E-mail.ru: aigulmalika@mail.ru

Bazen Balzhan Kanatkizi

Position: PhD student, Kazakh humanitarian and legal innovation University

Postal address: 071400, Republic of Kazakhstan, Semey, Kostanay str., 79

Cell phone: 87476564890

E-mail.ru: bbazen@mail.ru

Land issues at the Semey district land administration and Semipalatinsk regional Department of agriculture

XҒТАР 05.31.19

Адилбаева Айгуль Серикханқызы

тарих ғылымдарының докторы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ., Қазақстан Республикасы

e-mail: aigulmalika@mail.ru

Джакипова Танакоз Уалқанқызы.

PhD докторанты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ., Қазақстан Республикасы

e-mail: tdzhakipova@mail.ru

XX ғ. 1940-1950 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІНДЕГІ ЭТНОСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Бұл мақалада Шығыс Қазақстан өңіріне келген өзге ұлт өкілдерінің тарихы туралы баяндалды. 1940-1950 жылдары қазақ жеріне жер аударылып келген ұлттардың қиын тағдыры мақаланың негізгі мазмұны болды. Осы жылдар аралығындағы тарих кеше ғана өткен тарих сияқты болып көрінгенімен, объективті көзқараспен зерттелуі жағынан біршама күрделі кезең екені белгілі. Себебі, кеңестік тарихнама социализмнің жетістіктерін ғана асыра сілтеп айтып, қоғамдағы орын алған келеңсіздіктерге көп тоқтала бермеді. 1940-1950 жылдар ғылыми түрде қатаң бағалауды, оң және теріс жақтарын қатар қарастыруды қажет ететін қазіргі замандағы Қазақстан тарихындағы күрделі және қайшылыққа толы кезең болып табылады. Тақырыптың аз зерттелгендігі, күрделілігі және маңыздылығы әсіресе Шығыс Қазақстан өңірі үшін қажетті жағдай болмақ.

Түін сөздер: этнос, демография, ұлт, қаулы, қоныс, құжат, Үкімет.

В этой статье рассказывается об истории представителей других национальностей, прибывших в Восточно-Казахстанский регион. В 1940-1950-е годы трудная судьба народов, депортированных на казахскую землю, стала основным содержанием статьи. Известно, что история за эти годы была несколько сложным периодом в плане изучения с объективной точки зрения, хотя вчера казалось, что это история прошлого. Дело в том, что советская историография преувеличивала только достижения социализма, не особо останавливаясь на происходящих в обществе негативах. 1940-1950 годы являются сложным и противоречивым периодом в истории современного Казахстана, требующим строгой научной оценки, параллельного рассмотрения положительных и отрицательных сторон. Малоизученность, сложность и значимость темы особенно важны для Восточно-Казахстанского региона.

Ключевые слова: этнос, демография, национальность, указ, поселение, документ, Правительство.

This article tells about the history of other nationalities who came to the East Kazakhstan region. The main content of the article is the difficult fate of the peoples deported to the Kazakh lands in 1940-1950. Although the history of these years may only seem like yesterday, it is known that this is a more difficult period to study from an objective point of view. This is because Soviet historiography exaggerated the achievements of socialism and did not stop at scandals in society. 1940-1950 - a difficult and contradictory period in the history of modern Kazakhstan, which requires a rigorous scientific assessment, both positive and negative. Lack of research, complexity and importance of the topic will be a prerequisite, especially for the East Kazakhstan region.

Key words: ethnos, demography, nationality, decree, settlement, document, government.

XX ғасырдың 40 жылдардың соңы мен 50 жылдары Шығыс Қазақстан өңіріне жер аударылып келген этностардың алғашқы жылдары жағдайы ауырлау болды. Әсіресе 1946-1948 жылдары депортацияланғандар қиыншылықтарды бастан кешірді. Келген кездерде орналастырылатын үй-жайлары дайын болмады. Жер аударылғандар көбіне ауылды жерлерде тұрып, сол жерлерге тіркелді. Дегенмен колхозға келіп орналасқандарға ақшалай көмек көрсетті, колхоз қорынан мал бөлді.

1941 жылы 26 тамызда ХКК мен КОКП Орталық Комитетінде қабылданған қаулы бойынша Қазақ КСР-не 100 мың адамды қоныстандыру жоспарланып, олар елдің Солтүстік-Шығысында орналасқан 6 облысқа-Семей, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Повладар және Шығыс Қазақстан облыстарына орналасатыны белгілі болған еді. [1, 36]

Екінші дүниежүзілік соғыс басталған жылы арнайы қоныстанушылар-поляктардың жағдайы біршама өзгерді. Германия елінің КСРО-ға шабуылы, соғыстың алғашқы күндеріндегі

сәтсіздіктер Польшамен қарым-қатынасты қайта қарауға мәжбүр етті. 1941 жылдың 30 шілдесінде КСРО аумағында поляк армиясын құру жөніндегі шараларды қарастыратын екі мемлекет арасындағы дипломатиялық қатынастарды қалпына келтіру туралы келісімге қол қойылды. КСРО мен Польша фашистік Германияға қарсы күресте бір-біріне көмектесуге уәде берді. Келісімге КСРО-ғы Польша азаматтарының жағдайы туралы хаттама ілінді, оған сәйкес КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1941 жылғы 12 тамыздағы Польша азаматтарына рақымшылық жасау туралы қаулысы қабылданды. КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің және Бүкілодақтық большевиктер Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің қаулысымен сол кездегі Польша азаматтарының КСРО-да тұру ережелері көрсетілген. Босатылып, уақытша куәлік алғаннан кейін, олар Польша елшілігінде тіркеліп содан кейін ғана төлқұжат алып шетелде тұруға рұқсат алды. 61092 адамның ішінді Қазақстанда 51 164 полякқа рақымшылық жасалды. Шығыс Қазақстан облысында 410 поляк қоныстанды, оның 123-і әйелдер, 176-сы ерлер, 111-і балалар еді. Оның ішінде Семей облысы бойынша-7467 поляк, оның 1638-і еркектер, 3189-ы әйелдер, 2640-ы балалар болды [2, 7-129]. Шығыс Қазақстан облысына жер аударылған поляк азаматтарының құрамы әр түрлі болды, мысалы олардың арасында еврей, украин, литвалықтар, белорустар және тағы басқа да ұлт өкілдері болды. Тиісінше бұл адамдар санатына рақымшылық жасалды: еврейлер-8, украиндар-18, белорустар-90, орыстар-10 және 39 өзге ұлт өкілдері еді [3,49].

Мұрағат құжаттарын алып қарар болсақ көшіп жер ауып келген жанұялардың жағдайы мәз болған жоқ. Үй-жайларының дұрыс болмауы, дұрыс тамақтанбау сияқты мәселелер жиі орын алып отырды. Сол себепті жұқпалы аурулар да жиі байқалды. Үкіметтің көрсетіп жатқан көмек мөлшері бір жағынан аз болса екінші жағынан көшіп келушілердің саны жағынан көп болуы себепті беріліп отырған азық-түлік мөлшері халыққа жетпеді. 1941 жылы Шығыс Қазақстан облысының Бұқтырма ауданында 191 неміс қайтыс болды, оның ішінде жұқпалы аурудан 116 адам, оның 45 ересектер болса 71-і балалар болды. Осы аймақ бойынша 1944 жылы 25 шешен қайтыс болды, оның

ішінде жұқпалы аурудан 16 адам, 12 ересек 4-і балалар еді. [4, 37 б.].

Солтүстік Кавказ бен Қырымнан Қазақстанға жаппай жер аударылуына байланысты күрделі мәселелер туындағандықтан 1945 жылы 17 қарашадағы және 1946 жылдың 6 тамызындағы КСРО ХКК-нің Қазақстан мен Қырғызстанға жер аударылғандар мен арнайы қоныстандырушыларды жіберілген жерлерге орналастыру және шаруашылыққа жайластыруға бағытталған бірқатар шараларды жүзеге асыруға қатысты қаулылар қолға алынды. Осы қаулылардан кейін Қазақстан К(б)П ОК-і мен республикалық ХКК-нің шешімімен депортацияланған халықтарды орналастыруда шаруашылықта кездесіп отырған қиыншылықтарды жоюға кірісті. Алайда әлі де болса, дұрыс басшылықтың болмауынан арнайы қоныстанып келген өзге ұлт өкілдерінің жағдайы бірден түзеле қоймады. Келушілердің арасында табиғи бейімделе алмаушылық, ауру-сырқаудың тарауы өлім-жітімге алып келді. 1946 жылдың шілдесінде Солтүстік Кавказдан келгендердің арасында 73,7 мың адам қайтыс болған. [5,60]

Арнайы қоныстанушыларды орналастыру барысында ауылшаруашылығына жіберілгендер жұмыс таппағандықтан оларды облыстың ішіндегі өнеркәсіп орындарына жіберу қолға алынды. Негізінде республикадағы теміржол мен басқа да стратегиялық орындарға жұмысшы күші аса қажет болатын-ды. Соғыс болып жатқан кездің өзінде колхоз, совхоздарға орналастырылған қоныстанушы өзге ұлт өкілдерін өндіріске тартқан еді.

Соғыс кезінде қолға түскен әскери тұтқындар ірі өндіріс орындарына, құрылыстарға тартылды. Дегенмен олардың жағдайлары өте ауыр еді. Тұтқындардың арасында түрлі жұқпалы аурулардың тарауынан, дұрыс тамақтанбаудан өлім көбейді. Шығыс Қазақстанның Алтай және Лениногор кеніштерінде 181 неміс армиясының тұтқындары қайтыс болған. Мәліметтерге сүйенсек, лагерьлерде еңбек еткен 2 миллион 228 мың тұтқындардың 1 миллион 645-і немістер де, 583-і жапон әскерлері болған.

Жалпы 1948 жылдың тамызына дейін арнайы қоныстанушы этностардың 59%-і колхоздарға, 7,5%-і совхоздарға, ал 33,5%-і өндіріс

орындарына, құрылыстарға, мекемелерге жіберілді. [6,139]

Қоныстанушылардың қиыншылыққа байланысты жіберген жеріне тұрақтамай қашуына байланысты 1945 жылы 8 қаңтардағы КСРО ХКК-сі мен 1948 жылғы 26 қарашадағы КСРО Жоғарғы Кеңесі Алқасының Жарлығымен арнайы қоныс аударушылардың ұтқырлығы ғана емес, сонымен бірге контингентті көшіру бойынша ішкі істер министрлігінің санкциясымен әрекет еткен аймақтық билік пен шаруашылық органдарының мүмкіндіктері де айтарлықтай шектелді. 1945 жылғы Ережеге сәйкес арнайы қоныс аударушылар үкіметтің рұқсатынсыз басқа территорияға кетуге қатаң тиым салынды. [7,91]

Шығыс Қазақстан өңіріне жіберілген арнайы қоныстанушылар шекара маңайына орналастырылмады. Оның үстіне ірі өндіріс орындары үлкен қалаларда болатын. Түріксіб теміржолы Шығыс Қазақстан өңіріне басып өткендіктен жер ауадырылғандарды жұмыс күшіне тарту үдерісі қалыпты болды.

Шығыс Қазақстан өңірінде ірі өндіріс орындарына немістер жіберілген. Семей облысында 46% жер аударылып келгендер қалаларда, аудан орталықтары мен темір жол бойларына орналасып, жұмыс істеген. [8,117]

Қалаларда, теміржол бойында шешен, ингуш, балқар ұлт өкілдерінің топталуынан тек «шешен қалалар» сияқты елді-мекендердің көбеюіне алып келді. Осыған орай Мемлекеттік Қауіпсіздік министрлігі арнайы қоныстанушыларды жіберген жерінен басқа облыстарға ішкерілей, өзге ұлт өкілдерімен араластыра орналастыру мәселесін көтерді. Оның үстіне 1952 жылы 10 наурыздағы Г.М. Маленковтың үкімет басшысына жазған баяндамалық жазбасында Қазақстанда соңғы кездерде облыстық қалаларда, аудан орталықтары мен теміржол станцияларында шешен, ингуш ұлттарының топтасып орналасуына жол беріліп отырғандығы, оның өзге де контингенттерге әсер ететіндігі, жер аудару тәртібінің бұзылып, еңбек етуден қашу

сияқты фактілердің жиі орын алатындығы айтылды. Осыған орай, қоныстанушыларды қала, аудан, темір жол бойынан алысырақ совхоздар мен колхоздарға бөліп орналастыру мәселесін көтерді. [9,128]

Бұл жағдайға орай 1952 жылдың 1 сәуірінде Қазақстан коммунист партиясының бюросы арнайы комиссия құрып, қоныстанушыларды араластыра орналастыру мәселесін тексеріп, қолға алуға кірісті. Екі аптадан кейін қорытындылары жарияланып, арнайы контингенттерді жұмыс күші қажет ететін нысандарға жіберуді көзделінді. [10,172]

50-жылдары Министрлер Кеңесі «арнайы қоныстанушыларды қала, аудандық орталық және терміржолдар станциясынан қашыққа орналастыру» туралы жоба даярланған болатын. Осы құжатқа орай, аймақаралық қоныстандыру үдерісін жүргізуге тиісті болған. Семей облысынан 9704 арнайы қоныстанушыларды сол өңірдің басқа мекендеріне орналастыру мәселесі жүзеге асырыла бастады. Барлық облыстарға қарағанда тек Шығыс Қазақстан облысы ғана қоныстанушыларды басқа жерлерге орналастырмау жөнінде шешім қабылдаған. [11,1-9]

Сонымен байқағанымыздай жер аударылған арнайы қоныстанушылардың әлеуметтік тұрғыдан көзқарастары екі жақты болды. Үкімет сол кезде негізінен шешен, неміс, ингуш және кәріс ұлттарының жаңадан келген эмигранттарының өмір сүру жағдайларын жақсарту үшін бірқатар шаралар қабылдады, бірақ көп жағдайда нәтиже бермеді. Бұл мигранттардың наразылығын тудырды, олардың әлеуметтік даму деңгейі тұрақсыз болды. Қазақ жеріне көп мөлшерде ұлттардың келуі экономика саласына да ауыр соққы еді. Бірақ елімізге келген әр ұлт өкілдерін кең пейілді еліміз құшақ жая қарсы алып өз қамқорлықтарына алып, көмектерін аямады. Соның арқасында өсіп-өніп, қазірге дейін сіңісіп кетуі әрине ұлтымыздың дархандығы, қонақжайлылығы деп толық айта аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Т.Өпендиев Қазақстандағы XIX ғасырдың соңы мен XXI ғ. бас кезіндегі неміс диаспорасы А.2017 ж.
2. Дегитаева Л.Д. Из истории поляков в Казахстане (1936-1956 гг.) Алматы, 2000 г.
3. Шығ. Қаз. облысының мемлекеттік архиві Қор.462, Т. 1. Іс.21. 49-бет
4. Шығ. Қазақстан облысының мемлекеттік архиві Қор.1П, Т..1. Іс.4996.
5. ҚР ПА. 708-қ., 10-т. 242-іс. 60-п.
6. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т. 22-іс. 53, 120, 139-пп.

7. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т. 22-іс. 91-п.
8. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т. 22-іс. 117-п.
9. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т. 22-іс. 127-128-пп.
10. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т. 15-іс. 172-п.
11. ҚР ПА. 708-қ., 16/2-т. 55-іс. 1,9-пп.

Адилбаева Айгүл Серікқанқызы

Лауазымы: тарих ғылымдарының докторы, әлеуметтік- гуманитарлық пәндер кафедрасының оқытушысы, Қазақ инновациялық гуманитарлық -заң университеті

Пошталық мекен-жайы: 071411, Қазақстан Республикасы, Семей қ.,Ибраева көшесі, 145,12 пәтер

Ұялы. тел: +7 775 623 5007

E-mail: aigulmalika@mail.ru

Джакипова Танакөз Уалқанқызы

Лауазымы: тарих ғылымдарының магистрі, Қазақ инновациялық гуманитарлық -заң университетінің PhD докторанты

Пошталық мекен-жайы: 071411, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Набережная көшесі, 30, 36 пәтер.

Ұялы. тел: +7 707 114 72 57

E-mail: tdzhakipova@mail.ru

XX ғ. 1940-1950 жылдарындағы Шығыс Қазақстан өңіріндегі этностардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы

Адилбаева Айгүл Серікқанқызы

Должность: доктор исторических наук, преподаватель кафедры социально-гуманитарных наук, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет

Почтовый адрес: 071411, Республика Казахстан, г. Семей, Ибраева, 145, кв. 12

Сот. тел: +7 775 623 5007

E-mail: aigulmalika@mail.ru

Джакипова Танакөз Уалқанқызы

Должность: магистр исторических наук, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, PhD докторанты

Почтовый адрес: 071411, Республика Казахстан, г. Семей, Набережная, 30, кв. 36.

Сот. тел: +7 707 114 72 57

E-mail: tdzhakipova@mail.ru

Социально-экономическое положение этносов в Восточно-Казахстанском регионе в 1940-1950 гг. XX в.

Adilbaeva Aigul Serikhanovna

Position: Doctor of Historical Sciences, Lecturer at the Department of Social Sciences and Humanities, Kazakh Humanitarian Law Innovative University

Mailing address: 071411, Republic of Kazakhstan, Semey, Ibraeva St., 145, Apartment 12.

Mob.phone: + 7 775 623 5007

E-mail: aigulmalika@mail.ru

Dzhakipova Tanakoz Ualkanovna

Position: Master of Historical Sciences, Kazakh Humanitarian Law Innovative University, PhD Doctoral student, 3 course

Mailing address: 071411, Republic of Kazakhstan, Semey, Naberezhnaya St., 30, Apartment 36.

Mob.phone: +7 707 114 72 57

E-mail: dzhakipova@mail.ru

Socio-economic situation of ethnic groups in the East Kazakhstan region in the 1940s and 1950s of the XX century

ӘОЖ 316.344.6

Ногаева Нурбану Макашевна

аға оқытушы, құқықтану магистрі, Қазақ инновациялық гуманитарлық- заң университеті, Семей қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: nurbanu.makash@mail.ru

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС

Мемлекеттің дамуы халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының жоғарылауымен сипатталады. Бұл мақалада рухани жаңғыруға бет алған Қазақстандағы денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік жұмыс және оның қызметтері қарастырылған. Мақалада әлеуметтік қорғауды қажет ететін адамдар тобын әлеуметтік қорғау жолдары талданған.

Түйін сөздер: Мәңгілік Ел, рухани жаңғыру, әлеуметтік қорғау, жетімдік, баспанасыздық, мүгедектік, кәрілік, өмірлік қиын жағдайға душар болған адамдар, маскүнемдік, нашақорлық, жұмыссыздық, жезөкшелік, мүгедектік

Развитие государства характеризуется повышением социально-экономического положения населения. В данной статье рассматривается социальная работа ее деятельность в сфере здравоохранения, которая направлена на духовную модернизацию Казахстана. В статье проанализированы пути социальной защиты групп людей, нуждающихся в социальной защите.

Ключевые слова: Мәңгілік Ел, рухани жаңғыру, социальная защита, сиротство, бездомность, инвалидность, старость, лиц, которые находящиеся в жизненной сложной ситуации, алкоголизм, наркомания, безработица, проституция, инвалидность.

The development of the state is characterized by an increase in the socio-economic situation of the population. This article discusses social work in Kazakhstan and its activities, which are aimed at spiritual modernization. The article analyzes the ways of social protection of groups of people in need of social protection.

Keywords: Mangilik El, spiritual modernization, social protection, orphanhood, homelessness, disability, old age, persons who are in a difficult life situation, alcoholism, drug addiction, unemployment, prostitution, disability

Н.Назарбаев болашақта Қазақстанның ұлттық идеясы «Мәңгілік Ел» болады деп жариялады. Шынында қай ел, қай халық болмасын жер бетінде мәңгі жасауға ұмтылады. Соңғы мың жылдықтың ішінде тарих сахнасына шыққан, басынан талай аумалы-төкпелі замандар өткізген, ақын тілімен айтқанда «мың өліп, мың тірілген» қазақ жұртының мәңгілік жасауға құқығы бар деп ойлаймын. Еуразияның ортасында ұлан-байтақ жері бар, миллиондаған адам сөйлейтін тілі бар, қасиетті діні бар халқымызға тәуелсіздік мәңгілік қажет.

Алайда ғаламдық жаһандану дәуірінде алыстағы алпауыт мемлекеттердің әсері күшейе түсуде, ал іргеде отырған державалардың империялық пиғылы әсте төмендеген жоқ. Оны әлемде соңғы кездерде болып жатқан оқиғалар мен процестер айғақтауда. Сондықтан Мәңгілік Ел сөзі - Мәңгілік тәуелсіздік ұғымымен астасады. Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтап келесі ұрпаққа аманат ету - міне ересек ұрпақтың, яғни біздердің міндетіміз. Бұл үшін тек елді қорғау, жерді

қорғау, тілімізді сақтау аздық етеді. Кез-келген тәуелсіздіктің тірегі ұлттық экономиканың даму деңгейіне, әлеуметтік-саяси мәселелердің шешілу дәрежесіне байланысты екенін ескерсек, әр қазақ баласы, әрбір қазақстандық Отан игілігі үшін аянбай еңбек етіп, тер төгуі керек-ақ. [1]

Ұлттық идея - халық мұраты. Бұл бір көптен көтеріліп жүрген тақырып. Түрлі пікірлер ортаға салынды. Олар қоғамдық санаға игі әсер еткені сөзсіз. Алайда, осы уақытқа дейінгі ғылыми ізденістер бір арнаға тоғыспаған күйде қала берді. Мемлекеттік биліктің ашық та жария қолдауынсыз ұлттық идея табылмайтыны, тамырына қан жүгірмейтіні белгілі болды.

Қоғамның барлық жіктері мен әлеуметтік топтарының өмір сүру деңгейін ұдайы жақсарту түсу мемлекет саясатының негізгі басымдығы болуы қажет.

Елбасымыз айтқандай еліміздің дамуының көзі – бұл халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының жоғарылауымен сипатталады. Сондықтан мемлекетте көптеген адамдар әлеуметтік қорғауды қажет етеді[2].

Әлеуметтік қорғау – бұл әлдебір жағдайларға (кәрілік, мүгедектік, денсаулық жағдайы, асыраушысынан немесе жұмысынан айрылуы) және өзге де заңды негіздерге байланысты экономикалық белсенді бола алмайтын әрі лайықты ақы төленетін еңбекке қатысу жолымен өзін табыспен қамтамасыз ете алмайтын азаматтар үшін өмірлік қажетті игіліктердің және әл-ауқаттың белгілі бір деңгейін қамтамасыз етуге арналған жүйе.

Әлеуметтік жұмыстың сөздігінде әлеуметтік қызмет көрсету адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыру нақтылы қызмет түрлерін беру деп аталады.

Халық әртүрлі негізде құрылған және одан, өздерінің әлеуметтік және басқада мәселелерінің кейбіреулерін ғана шеше алатын немесе мүлдем шеше алмайтын қиын өмір жағдайындағы адамдар, топтарға бөлінеді.

Өмір қиындықтарын өз бетінше жеңуге мүмкіндік бермейтін денсаулық жағдайы.

Бұл келесідей халық топтары: мүгедектер, радиациялық әсерге шалдыққан адамдар, мүгедек-балалары бар отбасылар, психологиялық қиындықтағы, психологиялық стрестегі, суицидті іс-әрекетке бейім балалар мен ересек адамдар;

Бұл топқа Ұлы Отан соғысының ардагерлері және Ұлы Отан соғысы кезінде тылда еңбек еткендер, соғыс кезінде қайтыс болған әскери қызметкерлердің аналары және жұбайлары жатады;

адамдардың егде, зейнеткерлік жасы, белгілі бір жағдайларға байланысты қиын тұрмыс жағдайындағылар, - олар жалғыз басты қарт адамдар, және зейнеткерлерден құралған отбасылар (жасына, мүгедектігіне және басқада негіздерге байланысты).

Девианттық мінез-құлықтың әр түрлі формада көрінуі: Бұл санатқа девианттық мінез-құлықтағы балалар мен жасөспірімдер; зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалар; денсаулығы мен дамуына қауіп төнетін жағдайға душар болғандар; арнайы оқыту және түзеу мекемелерінде бас бостандығынан айыру орындарында болған адамдар; алкаголь ішімдіктерін, наша қолданатын отбасы мүшелері жатады;

Әр түрлі санаттағы отбасылардың қиын жағдайы: Бұл халық тобына бала асырап алушы отбасыларды және асыраушысынан айырылған

балаларды; төмен деңгейлі табысы бар отбасыларды; жас отбасыларды; ата-аналары кәмелетке толмаған отбасыларды; ажырасушы отбасыларды; ата-анасы үнемі конфликтті қарым-қатынаста болатын отбасыларды жатқызуға болады;

Балалардың ерекше жағдайы (жетімдік, кезбелік және т.б.)

Бұл негізде келесі топтарға бөлінеді: бала үйлері мен мектеп- интернаттарының түлектері (олардың материалдық тәуелсіздікке дейін); жетім қалған немесе ата-анасының қамқорлығынан айырылған балалар; бақылаусыз қалған балалар мен жасөспірімдер;

Кезбелік, баспанасыздық: Бұл топқа тұрғылықты мекен-жайы жоқ адамдар, тіркелген қашқындар, амалсыздан жер аударушылар;

Бөгде адамдардың көмегін қажеттетін адамдар әлеуметтік жұмыс объектісі болады. Олар: қарттар; зейнеткерлер; мүгедектер; ауыр халдегілер; балалар; қиын өмірлік жағдайға душар болған адамдар; жағымсыз ортаға тап болған жасөспірімдер, маскүнемдер, нашакорлар, жыл сайын өзін-өзі өлтіретіндер, жұмыссыздар, жезөкшелер және т.б.

Бұлардың барлығы әлеуметтік қызметкерден адамның жан дүниесін терең түсіне білуді, жанашырлық танытуды, жан-жақты болуды, үлкен шыдамдылықпен ынталылықты талап етеді[3].

2019 жылдан бастап мемлекетте әлеуметтік төлемдер жаңа форматқа сай өзгертілуде.

Тікелей денсаулық сақтау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтерді денсаулық сақтау субъектілері – денсаулық сақтау ұйымдары, сондай-ақ, жеке медициналық практикамен және фармацевтикалық қызметпен айналысатын жеке тұлғалар көрсетеді.

Денсаулық сақтау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтерді мынадай денсаулық сақтау ұйымдары көрсетеді:

- 1) амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар;
- 2) стационарлық көмек көрсететін ұйымдар;
- 3) қайтадан қалпына келтіріп емдеу және медициналық оңалту ұйымдары;
- 4) паллиативтік көмек және мейірбике күтімі ұйымдар;
- 5) АИТВ/ЖИТС алдын алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары.

Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандартының өзінде денсаулық сақтау субъектілерінің бұл тізімі жеткілікті емес екендігін ашық көрсетеді.

Денсаулық сақтау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтерді денсаулық сақтау жүйесінің әлеуметтік қызметкерлері көрсетеді.

Денсаулық сақтау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер:

1) өмірдегі қиын жағдайға душар болған тұлғаның (отбасының) өмір сүру сапасын жақсарту мен арттыру, басқа азаматтармен бірге қоғам өміріне қатысудың тең мүмкіндігін туғызу мақсатында өз денсаулығына өздерінің жауапкершілігін арттыру арқылы жақындарымен қоса пациенттердің өздерін белсенді қатыстырып, медициналық-әлеуметтік технологияларды қолдану арқылы аурулардың алдын алуға, денсаулығын қалпына келтіруге, сақтауға және нығайтуға бағытталған әлеуметтік-медициналық қызметтер;

2) өмірдегі қиын жағдайға душар болған тұлғаны (отбасын) әлеуметтік-психологиялық бейімдеу әрі қоғамда оңалту мақсатында психологиялық ағарту, психологиялық профилактика, психодиагностика, түзету жұмыстарын жүргізу, консультациялық және ақпараттық көмек көрсету арқылы әлеуметтік-психологиялық қолдауды көздейтін әлеуметтік-психологиялық қызметтер;

3) физикалық мүмкіншіліктері мен ақыл қабілеттерін ескере отырып, қиын өмірлік жағдайға душар болған тұлғаны (отбасын) педагогикалық түзетуге және оқытуға бағытталған әлеуметтік-педагогикалық қызметтер;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қиын өмірлік жағдайға душар болған тұлғаның (отбасының) тиісті деңгейде өмір сүруін қолдау мен жақсартуға бағытталған әлеуметтік-экономикалық қызметтер;

5) денсаулық сақтау саласында медициналық қызметтер көрсету мен құқық мәселелері бойынша құқықтық ағартуды, ақпараттық-құқықтық көмек көрсетуді, консультация беруді және әлеуметтік-құқықтық қорғауды көздейтін әлеуметтік-құқықтық қызметтер;

6) жеке мұқтаждықтан туындайтын қиын өмірлік жағдайға душар болған тұлғаның

(отбасының) тұрмыс-тіршілік әрекетін қолдауға бағытталған әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер;

7) өмірдегі қиын жағдайға душар болған тұлғалардың (отбасылардың) еңбек дағдысын қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік-еңбек қызметтері;

8) бос уақытты ұйымдастыруға, әлеуметтік-мәдени іс-шараларды өткізу және оларға өмірдегі қиын жағдайға душар болған тұлғаларды (отбасыларды) тартуға бағытталған әлеуметтік-мәдени қызметтер.

Өмірдегі қиын жағдайға душар болған тұлғаға (отбасына) денсаулық сақтау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынылады және адам, отбасы және қоғам деңгейінде көрсетілетін қолжетімді, арнаулы әлеуметтік қызметтер мыналарды қамтиды:

1) консультация беру (жеке және топтық); 2) үйге жиі бару, белсенді көмек көрсету және бақылау (патронаж бен әлеуметтік сүйемелдеу); 3) "сенім телефоны" бойынша көмек (консультация беру) көрсету; 4) қолдау топтарын құру, тренинг өткізу, ынталы топтармен, өзіне-өзі көмек көрсету және өзара көмек көрсету топтарымен жұмыс жүргізу.

Өмірдегі қиын жағдайға душар болған тұлғаға (отбасына) арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну қоса денсаулық жағдайын, жас және басқа да ерекшеліктерін ескере отырып одан әрі жеке және кешенді жоспар құру арқылы арнаулы әлеуметтік қызметтерге деген қажеттілігін бағалау мен белгілеу негізінде жүзеге асырылады.

Өмірдегі қиын жағдайға душар болған тұлғаға (отбасына) денсаулық сақтау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету кезінде әлеуметтік жұмысқа волонтерлер, қоғамдық, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың өкілдері тартылады.

Денсаулық сақтау саласында әлеуметтік қызметкерлер өмірдегі қиын жағдайға душар болған тұлғаға (отбасына) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсеткенде медициналық ұйымдар арасында сабақтастық сақталу керек.

Денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік қызметкерлер арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша есепке алу және есеп беру құжаттамасын жүргізеді.

4. Амбулаторлық-емханалық көмек көрсететін ұйымдардың деңгейіндегі және

АИТВ/ЖИТС алдын алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары арнаулы әлеуметтік қызметтердің көлемі

Әлеуметтік-медициналық қызметтерге: 1) қиын өмірлік жағдайға душар болған тұлғаға (отбасына) әлеуметтік-терапиялық жұмысты ұйымдастыру (бағалау, проблемаларды белгілеу, кешенді жоспар құру, жасын ескере отырып көмек көрсету және жағдайдың позитивті жаққа өзгеру мониторингі); 2) тұрмыста және қоғамдық жерлерде өзіне-өзі қызмет ету, мінез-құлық, қарым-қатынас, өзін-өзі және өзара қолдау дағдыларын қалыптастыру; 3) қиын өмірлік жағдайға душар болған тұлғаның (отбасының) үй жағдайында денсаулығын оңалту іс-шараларын жүргізу үшін медициналық-психологиялық және әлеуметтік-құқықтық білім негіздеріне үйрету; 4) ауыр науқастардың, жалғыз басты қарт адамдардың, мүгедектердің, мүмкіндіктері шектелген тұлғалардың үйіне жиі барып көмек көрсету және үй жағдайында бақылау (патронаж бен әлеуметтік сүйемелдеу); 5) пациенттерді әлеуметтік орталықтарға және қызметтерге жолдау үшін құжаттарды ресімдеуге көмек көрсету; 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік кепілдіктер бойынша консультация беру және ақпараттандыру (жеңілдіктер, әлеуметтік төлеулер, жәрдемақы, өтемақы, алименттер алу, тұрғын үй жағдайын және басқа да жағдайларын жақсарту); 7) қамқоршы және қамқоршылық жасау органдарына әлеуметтік оңалтуды қажет ететін кәмелетке толмағандарды орналастыруға, асырап алуға, қамқорлыққа, отбасында асырап алуға көмек көрсету; 8) жұмысқа орналасу мәселелеріне көмек көрсету, емдеу және басқа да мекемелерге көмек көрсету; 9) еріктілерді ауыр науқастарға, жалғыз басты қарттарға, мүгедектерге, мүмкіндіктері шектелген тұлғаларға медициналық-әлеуметтік-психологиялық көмек көрсетуге даярлау және үйрету жатады[4].

Әлеуметтік-психологиялық қызметтерге: 1) психологиялық диагностика және түзету жұмыстарын жүргізу; 2) қиын өмірлік жағдайға душар болған тұлғаға (отбасына) жеке және топтық қолдау көрсетуге жағдай жасау; 3) жеке әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету

және әлеуметтік-психологиялық тренингтер жүргізу, интерактивті әдістер қолдану жатады.

Әлеуметтік-педагогикалық қызметтерге: 1) әлеуметтік және шығармашылық бастамаларын қолдауды топшылайтын ұйымдастыру қызметтері, қоғамдық-құнды қызметті ұйымдастыруға көмек көрсету; 2) медициналық-әлеуметтік-педагогикалық әлеуметтендіруді қамтамасыз ететін әлеуметтік-тәрбиелік қызметтер жатады.

Әлеуметтік-экономикалық қызметтерге: 1) әлеуметтік-экономикалық және басқа да мәселелерді айқындау мақсатында әлеуметтік-экономикалық жағдайларды диагностикалау; 2) әлеуметтік-экономикалық патронаж және қажетті әлеуметтік-экономикалық қызметтерге қол жеткізуге мүмкіндік беру жатады.

Әлеуметтік-құқықтық қызметтерге: 1) денсаулық сақтау саласындағы медициналық қызмет көрсету және пациенттердің құқығын қорғаудың құқықтық, әлеуметтік-құқықтық мәселелері бойынша пациенттерге тегін консультация беруге көмек көрсету;

2) медициналық қызмет көрсетудің әлеуметтік-құқықтық мәселелері бойынша, денсаулық сақтау саласындағы құқықтар бойынша түрлі құжаттарды жазуға және ресімдеуге көмек көрсету; 3) денсаулық сақтау саласында құқықтық мәдениетті арттыру, халықты құқықтық ағарту бойынша бағдарламалар мен іс-шараларды іске асыруға көмек көрсету; 4) әлеуметтік, құқықтық және басқа да қоғамдық маңызы бар проблемаларды шешуге бағытталған пациенттердің азаматтық бастамаларын қолдау жатады.

Әлеуметтік-тұрмыстық қызметтерге: 1) пациенттің өмірлік жағдайын әлеуметтік диагностикалау, әлеуметтік-тұрмыстық өмір жағдайын зерделеу; 2) қиын өмірлік жағдайға душар болған тұлғаға (отбасына) тұрмысты ұйымдастыру мәселелері бойынша санитариялық-гигиеналық ағарту және консультация беру. Өмірдегі қиын жағдайға душар болған тұлғалардың (отбасылардың) еңбек дағдысын қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік-еңбек қызметтері. Бос уақытты ұйымдастыру, әлеуметтік-мәдени іс-шараларды өткізу және оларға өмірдегі қиын жағдайға душар болған тұлғаларды (отбасыларды) тарту жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қ Р Президентінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы жолдауы
«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері»
2. Қазақстан халқына елбасы жолдауы «Қазақстан-2050 Стратегиясы - тым құбылмалы тарихи жағдайдағы жаңа Қазақстан үшін жаңа саяси бағыт» 2013жыл (Қазақстан -2050 стратегиясы -қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты)
- 3.Бондарь Ш. Социальная работа и молодежные организации: Конспект М2010, с94-96
4. Денсаулық сақтау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарты

Ногаева Нурбану Макашевна

Лауазымы: аға оқытушы, магистр, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті
Пошталық мекен-жайы: F18Y8K0, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Шмидта көшесі, 44
Ұялы. тел: +7 778 937 77 09
E -mail: nurbanu.makash@mail.ru
Рухани жаңғыру және денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік жұмыс

Ногаева Нурбану Макашевна

Должность: старший преподаватель, магистр, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет
Почтовый адрес: F18Y8K0, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Шмидта, 44
Сот. тел: +7 778 937 77 09
E -mail: nurbanu.makash@mail.ru
Духовная модернизация и социальная работа в сфере здравоохранения

Nogaeva Nurbanu Makashevna

Position: senior lecturer, master of law, Kazakh humanitarian-legal innovative university
Mailing address: F18Y8K0, Republic of Kazakhstan, Semey, st.Shmidta, 44
Mob.phone: +7778 937 77 09
E -mail: nurbanu.makash@mail.ru
Spiritual modernization and social work in health care

ӘОЖ – 327.3

Рахметуллин Аман Капанович

тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті, Семей қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: aman150176@mail.ru

Карсайдаров Самат Келгентаевич

магистрант, Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті, Семей қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: samat.karsaidarov@bk.ru

ОРТА АЗИЯДАҒЫ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ЛАНКЕСТІК ӘРЕКЕТТЕРГЕ ҚАРСЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮРЕС ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ РӨЛІ

«Орта Азиядағы экстремизм мен ланкестік әрекеттерге қарсы халықаралық күрес жүйесіндегі Қазақстанның рөлі» атты мақалада жалпы экстремистік, ланкестік – террористік әрекеттердің пайда болуы, даму мен себептері жан – жақты қарастырылады. Сондай – ақ экстремистік әрекеттердің жұмыс істеу әдіс – тәсілдері, қоғамға тигізер кері ықпалы талданады.

Экстремистік, террористік ұйымдардың құқықтық танылуы және онымен күрес жолдары сараланып, мұндай ұйымдармен халықаралық күрес жүйесіндегі Қазақстанның рөлі мен атқарылып жатқан іс - шаралар жөнінде тарихи қортындылар мен шолулар жасалады.

Кілт сөздер: жаһандану, экстремизм, Орта Азия, фактор, қоғам, поликонфессия, халықаралық, дін.

В статье «роль Казахстана в системе международной борьбы против экстремизма и террористической деятельности в Центральной Азии » подробно рассматриваются причины и возникновение экстремистической, террористической деятельности в целом. Также анализируются методы и способы функционирования экстремистской деятельности, негативное влияние на общество.

Будут проанализированы пути правового признания и борьбы с экстремистскими, террористическими организациями, сделаны исторические выводы и обзоры о роли Казахстана и проводимых мероприятиях в системе международной борьбы с такими организациями.

Ключевые слова: глобализация, экстремизм, Средняя Азия, фактор, общество, поликонфессия, международная, религия.

In the article "the role of Kazakhstan in the international fight against extremism and terrorist activities in Central Asia" examines in detail the causes and emergence of extremist and terrorist activities in General. Methods of functioning of extremist activities and their negative impact on society are also analyzed.

The ways of legal recognition and fight against extremist and terrorist organizations will be analyzed, historical conclusions and reviews will be made about the role of Kazakhstan and its activities in the international fight against such organizations.

Keywords: globalization, extremism, Central Asia, factor, society, polyconvexity, international, religion.

Әлемдік дамуда адамзат баласының дамуы ХХ ғасырда миллиондаған адамдардың тағдырына әсер еткен «Қырғи қабақ соғыс» науқанын басынан өткергені белгілі, ал бүгінгі қоғам жаңа жалпы жаһандық мәселе – халықаралық экстремизм мен терроризмнің қорқынышты көріністерімен бетпе – бет келіп отыр. Бұл мәселе, Қазақстанның географиялық орналасу ерекшелігіне орай өте өзекті болып табылады. Себебі, Қазақ елі шығыс пен батыс әлемінің тоғысқан тұсында алтын көпір іспетті маңызды рөл атқарып, екі әлемнің дүниетанымын байланыстырады. Елімізге барлық тараптан ағылған түрлі ақпараттар мен саяси ықпалды ұйымдардың әсері түрліше әсер

ететіні белгілі. Ал, халықаралық экстремизм мен терроризмді Қазақстан халқының ұлттық наным – сенімдеріне, тұрақты саяси дамуына кері әсер етуші фактор ретінде қарастыру, бүгінгі қоғамымыздың түбегейлі өзгеруін талып ететіні белгілі.

Дүниежүзілік жаһандық талап жағдайында табиғи түрде жаңа саяси бағыт болып ерекшеленген ланкестік әрекеттің шарықтау шегі - ол халықаралық терроризм.

Атауы айтып тұрғандай «Халықаралық» деген түсініктің өзі жергілікті түрлі ланкестік ұйымдардың өзара әрекеттесуінің дамып келе жатқандығын көрсетеді. Белгілі бір қалыптасу деңгейінен өткен соң аталмыш топтар бірлесіп

жұмыс істеуге әрекеттенеді. Мәселен, Палестина жеріндегі арнайы лагерлерде Еуропалық неоұлттық ланкестік топтары, ИРА боевиктері әскери дайындықтарын өткізіп тек ғана Еуропада ғана емес, Азия, АҚШ, Африка өңірлерінде өз лагерлерін орнатты; Ал, Ауғанстан жерінде дүниежүзі бойынша әскери қақтығыстарды ұйымдастыратын содырларды дайындауға бейімделген лагерлердің белсенділігі өз алдына ерекше. [1, 34 б].

Экстремизм мен ланкестік әрекеттердің қалыптасуы және дамуының өзіндік себептері бар. Біріншіден, қазіргі қоғамдағы халықтың көпшілік бөлігінің кедейшілік деңгейде өмір сүруі және баспана мәселесінің күрделенуі. Екіншіден, экстремистік әрекеттердің саяси құбылыс ретінде белсенділікке ие болуы мемлекеттің басқару жүйесіндегі қалыптасып отырған кейбір қайшылықтарды басқаша әрекеттер арқылы шешу мүмкін емес деп түсінген уақытта пайда болады. Ал террористтер мен экстремисттердің негізгі көздеген нысаны билік саясатына қарсы әрекет ету болып табылады. Сондай – ақ терроризм мен экстремизмнің жанданып дамуы адамдардың әлеуметтік психологиясының қиындықтарымен байланысты. Мысалы, ұлттық-этникалық және діни ерекшелікті түсінбеушілік салдарынан әлемде теңдік пен әділеттілікті орнату мақсатында бейбіт тұрғындарға үрей тудыру арқылы – терроризмді саяси құрал ретінде таңдайды. Осындай мақсатпен Қазақстанда танылған екі экстремистік ұйым – «Таблиғи жамағат» пен «Хизб ут-Тахрир» діни секталарын атауға болады. Мұндай ұйымдармен Қазақстан Республикасы саяси және құқықтық тұрғыдан үнемі күресіп келеді. Экстремизм мен терроризмге қарсы күрес тек күш көрсетумен бітпейтіні белгілі. Сондықтан Қазақстанда кедейшілікпен және жұмыссыздықпен күрес бағдарламасы бекітіліп, әлеуметтік қамсыздандыру қолға алынған. 1999 жыл 13 шілдеде «Терроризммен күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Соның нәтижесінде 2002 жылы ақпан айында еліміздің қылмыстық кодексіне өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, онда террористік актілер мен ондай әрекеттерді жүргізгені үшін жауапкершілік күшейтілді. Шекараны делимитациялау 2002 толық аяқталды. 2000 жылы 21 маусымда ТМД-ның Мәскеу

Саммитінде 2003 жылға дейінгі кезеңде халықаралық терроризммен күрес жөнінде ТМД қатысушыларының Мемлекеттер Бағдарламасы бекітілді, сондай-ақ Антитеррорлық орталық құру жөнінде шешім қабылданды. 2002 жылы маусымда Астанада Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы «Бишкек тобының» отырысы болып, онда ШЫҰ-ның Аймақтық антитеррорлық құрылымын құрудың жобасы келісілді [2, 8 б].

2002 жылы Алматыда Антитеррорлық ТМД орталығының ұйытқы болуының кешенді шұғыл тәжірибелік «Оңтүстік-антитеррор – 2002» жаттығулары өткізілді. Осы жылдың маусым айында Атырауда әуе терроризмі актілерінің алдын алу шаралары бойынша кең ауқымды «Дабыл» жаттығулары ұйымдастырылса, тамыз айында Алматы қаласында Қазақстан және Америка мемлекеттері бірлескен «Баланс-Барыс» жаттығуларын өткізді. Сондай -ақ Қазақстан мен Ресей әскерилері бірлесіп Каспийде «Бейбітшілік теңізі – 2002» атты әскери жаттығу шараларын өткізуі терроризмге қарсы күрес шаралары деп білуге болады.

Экстремизм мен терроризмнің экономикалық себептері оның нарықтық экономикамен байланыстылығында жатыр. Яғни адамдардың шамадан тыс кедейшілік деңгейіне түсіп кетуі қоғамдық толқулардың шығуына себепші болып жатады. Барлығымызға белгілі жағдай, әлеуметтік патологиялар (есірткі бизнесі, порнография, құмар ойындары, жезөкшелік және т.б.) аясындағы кәсіпкерлік қызмет заңсыз пайда табуға өте бейім және қоғамға қатерлі екеніне қарамастан жеке адам үшін тиімді. Сондықтан қоғамдық жүйеде пайда табу және көлденең пайдаға кенелу экстремизмнің экономикалық мазмұны болып тұрғандығы көп жағдайда таңданатын жағдай емес екендігі ақиқат. Мұндай жағдайлар террористік актілерде басқа әлеуметтік патологияларға қарағанда ерекше өзекті мәнге ие болып табылады. Яғни, салыстырмалы тұрғыдан айтар болсақ «Терроризм бұл - сауда» - осы сөз тіркесінің өзі жеке адамның көздеген пайылының екі ұшты екенін аңғартса керек. Демек, арам пайылын іске асыру жолында көпшілікті құрбан ете жүріп, дүрбелең, дүрмекті ұйымдастыра отырып, террорист дегеніне жетеді. [3, 38 б].

Терроризм саясатының классикалық көрінісінің ең ерекше көрінісі – Батыстық елдердің отарлау жүйесінен байқалады. Бұл

өңірлердегі ақпараттардың мықтылығы түрлі мәдениеттердің өзара интеграциясы ретінде қолданылмайды, керісінше, өздерінің даму үлгілерін, мәдени, этикалық, дүниетанымдық құндылықтардың көрсеткішін тарату мақсатында қолданады. Аталмыш ақпараттық қызметтердің ең ашық оймен таратуын мысалға келтіретін болсақ та, оның қойған мақсатарға жетуіне болмайтынын байқаймыз. Себебі бұл тұрғыдан ақпараттар да рухани, әлеуметтік-экономикалық, саяси құрылымдардың қалған елден айырмашылығын айтумен жалғасын табады. Мұндай әрекеттер ақпаратты таратын аудиторияның жауаптарына салақ қарайтынын көрсетеді. Ал бұл жағдайда жауапты әрекет әртүрлі болуы мүмкін. Ол ақпаратты толығымен бәсең қабылдаудан оны толығымен кері қайтаруға және қарсылық білдіруге дейін бара алады. Сонымен қатар басқа қоғамның сана сезімін білдірмейтіндей сіндіруге қарсылық білдіре алады.

Кейінгі онжылдық бүкіл адамзаттық құндылықтар, ашық халықаралық интеграция, әлемдік жаһандану идеяларын кең көлемде таратуды іске асырумен ерекшеленеді және мұндай өзгерістердің көпшілігі батыстың өндірістік дамыған елдерінің бастамасымен жүзеге асырылуда. Дегенмен, бұл идеяларға әлемдегі қалған көптеген мемлекеттің басшыларының қатынасы, сол Батыстық елдердің бір бөлігінің қарсы тұруы, әртүрлі континенттерде жаһандануға қарсы шерулер бәріне мәлім. Халықаралық терроризм мен экстремизмнің конфликтогендік потенциалы XX ғасырдың 60 жылдарында белгілі болды. Бұл уақыттарда барлық өңірлер толығымен өздерінің бағыттарына сай түрлі террористік - экстремистік ұйымдардың белсенді әрекеттерінің арқасында бірнеше аймақтар мен ошақтарды толықтай игере бастады. XX ғасырдың 60 және 80 жылдары аралығында мұндай ланкестік ұйымдар 6700 жуық ланкестік актілерді жүзеге асырады. Соның нәтижесінде 7480 адам жаракат алса, 3668 адам өлді.

XX ғасырдың аяғынан бастап осы уақытқа дейінгі аралықта әлемдік ақпарат беттерінде жарияланған және ерекше танымалдылыққа ие болған он мыңнан астам ланкестік актілер тіркелген. 1995 жылы сәуір айында жарияланған «Тайм» апталық жарияланымы келесідей ақпаратты ұсынды: «Қырғи қабақ соғыс»

аяқталғаннан соң терроризм бағыты өзгерістерге ұшырап, ендігі уақытта саяси бағытта емес, діни бағыттағы сипатқа ие бола бастады» [4, 14 б].

Тәуелсіз мемлекеттер достастығы мен Қазақстанның терроризмге байланысты саяси ұстанымы сыртқы және ішкі фактормен тікелей байланысты. Сыртқы факторлар төмендегідей:

- ТМД және Қазақстан Республикасына қатысты кейбір шетелдік мемлекеттердің ескі геосаяси көзқарастарының жандануы;

- Мұндай мемлекеттердің территориясында қарама – қарсы пікірдегі шетелдік саяси күштердің болуы;

- Шетелдегі саяси толқулар;

- Шетелдік террористік ұйымдардың, діни, ұлтшыл-радикалды топтардың экстремистік сипатының жылдам дамуы;

Ал енді экстремистік – террористік әрекеттердің дамуының ішкі факторлары мынадай:

- Тәуелсіз мемлекеттер достастығы құрамындағы елдердің аймағында халықтың көпшілік бөлігінің кедейшілік деңгейінің өсуі мен жұмыссыздық көрсеткіштерінің артуы,

- Қоғамның түрлі саласындағы экономикалық кризис;

- Ұлтаралық қарым – қатынастың шиеленісуі;

- Мемлекет тұрғындарының күнделікті өмірде идеологиялық ұстаным, рухани бағыт - бағдарын айқындай алмауы, қоғамдық - әлеуметтік тұрақсыздықтың шарықтауы;

- Әлеуметтік қылмыстың өрістеуі, билік пен халық арасындағы сенімнің жоғалуы;

- Дүниежүзілік адам құқықтарының бұзылуы [5, 25 б].

Бүгінгі күні дін және жаһандану мәселелері халықаралық дамудың негізгі факторы болып табылады. Аталған бұл екі фактор Орталық Азия мемлекеттерінің саяси өмірінің маңызды жақтарын анықтайды, әсіресе қауіпсіздік мәселесіне қатысты ерекше ықпалды болып табылады.

Жоғарыдағы аталған факторлар өңірдегі мемлекеттердің ішкі саяси тұрақтылығы мен аймақтық тұтастықты сақтауда үлкен әсер етеді. Ең негізгі бірінші фактор ислам діні - Орталық Азия республикаларының әскери қауіпсіздігі мәселесімен тікелей және тығыз байланысты. Бұл өңірдегі мемлекеттер ислам әлемімен тарихи тұрғыдан байланысты және ел ішінде басқа діни топтардың, оның ішінде,

православиалы-христиандық топтың болуына қарамастан халықтардың көпшілігі мұсылмандар болып табылады. Сондай – ақ Орталық Азия мемлекеттерінің поликонфессионалды қоғам болуы, елдегі қауіпсіздікті дін арқылы ретке келтіруге тырысады. Бұл жағдаяттар Орталық Азия республикаларының басшылары діни факторға ерекше көңіл бөлуін қажет етеді және мемлекеттің ішкі, сыртқы саяси мәселелеріне қатысты саяси шешімдерді қабылдауда оған мән беріп қарау қажет. Қазақстан зайырлы мемлекет ретінде, конфессияаралық қақтығыстарға қарсы әрекет ететін шаралар қабылдауға кепілдік етеді. Мұның белгілі бір діннің конфессиялық ағымдарға нұқсан келтіруіне әкеп соқтыратын ішкі саяси шешімдерге де, сондай-ақ заң шығару бастамаларының, баптары мен актілеріне де қатысы бар [6, 36 б].

Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздікке, мемлекет азаматтарының өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін діни экстремизмнің кез келген көрінісімен мақсатты түрде күрес жүргізіп, оны жүзеге асырады. Діни ұйымдар мен қозғалыстардың қайырымдылық қорларының қызметін тексеріп отыруға және экстремистік топтардың бой көрсетуінің алдын алуға бағытталған полицейлік бақылау шараларын қолдайды. Н.Ә.Назарбаев 1999 жылғы Қазақстан халқына кезекті Жолдауында: «Өкімет билігін конституцияға жат әдістермен тартып алуға шақыратын күштердің іс-қимылын қырағылықпен қадағалап отыруға тиіспіз. Иә, бәлкім, біз қателіктер жіберген де шығармыз. Біздің уақытымызға әділ бағаны тек болашақтың тарихшылары ғана бере алады. Алайда, осындай өтпелі кезеңдердің бірінде айтылған «тозаққа барар жол да ізгі ниетпен төселген» деген ақиқат сөз де бар. Мемлекеттің айналасындағы жағдай қазіргідей өте нәзік те тұрлаусыз күйде тұрған кезде іштен іріп жату дегеніміз дәл сол тозаққа барар жол болады да шығады. Осыны түсінгісі келген адам көршісінің қайғылы халіне көз салса жетіп жатыр. Немесе өткенімізге баға берсін – ұлттың басы бірікпеген кездеріне мысал жетіп артылады. Мұндай қателіктерді біз қайталамақ емеспіз. Өзінің мемлекеттігіне қол жеткізген халықтың тағдырын ешкімнің де, мейлі олар қандай ұранды бетперде етіп ұстаса да, тәлкегіне түсіріп қоя алмаймыз» дейді.[7].

Қазіргі қоғамдағы жаһанданудың тағы бір ерекшелігі – лаңкестік әрекеттер ұлттық шеңберден шығып халықаралық сипатқа ие болып отыр. Ол әртүрлі халықтардың ұлттық ерекшеліктерін, рухани ұстанымдарын мойындамай саяси жағынан толықтай игеру мақсатында күш көрсету және қырып-жою қаруына айналып келеді.

Ал, лаңкестік әрекеттің кезкелген түрі қылмыс болып табылады. Оның деңгейі мен көрінісінің нақты формалары, бір жағынан қоғамдық дамудың көрінісі болса, екінші жағынан – аса өткір мәселелерді шешудегі қоғам мен мемлекеттің күш салу тиімділігінің көрсеткіші болып көрінеді. Бұл қылмыс кедей болсын, бай болсын, лаңкестікті тудырған жанжалға қатыссыз әр адам құрбан болуы мүмкін қылмыстық зорлаудың түріне жатады. Уақыт өткен сайын лаңкестік әрекеттердің ұйымдастырылуы жетілдіріліп және әрекеттері өте қатыгез болып келеді. Олар соңғы үлгідегі техника мен қару, байланыс құралдарымен жабдықталып, өз мақсаттарына жету үшін террорлық әдіс - тәсілді қолдану арқылы әлемнің түрлі аймақтарында қару-жарақ және жарылғыш заттар қоймаларын, қаржы мекемелерін ұйымдастырды. Сондықтан да, бұл өте қауіпті құбылыспен күресу үшін бүкіл мемлекеттердің күшін жоғары деңгейде топтастырып, халықаралық ұйымдардың лаңкестік әрекеттермен күресу жүйесін жетілдіру қажет.

Лаңкестікпен күрестегі тиімді іс-әрекеттер жүзеге асуы үшін оның бірыңғай халықаралық-құқықтық түсінігін және осы қылмыс түрінің нақты құқықтық сипаттамасын қабылдау керек. Лаңкестікке қарсы тұру бүкіл өркениетті елдермен негізгі жалпы мемлекеттік міндеттердің бірі ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл бағыттағы маңызды іс-әрекеттер: құқықтық базаның жетілдірілуі, арнайы қызмет органдары арасындағы өзара әрекеттестікті күшейту, лаңкестікті қолдайтын елдерге максималды қысым жасау, лаңкестік мәселесімен айналысатын арнайы қызмет органдары қызметкерлерінің санын арттыру және оларды техникамен қамтамасыз ету жолдарын көрсету мағынасын қамтамасыз етеді. Бұл мәселемен айналысып жүрген авторлар көп. Солардың ішінде Антонян Ю.М. «Терроризм. Криминологическое и уголовно-правовое исследование», Кожушко Е.П. «Современный

терроризм: Анализ основных направлений», Витюк В.В. «Социальная сущность и идейно-политические концепции современного левого терроризма» еңбектерін ерекше атап көрсетуге болады [8, 63 б].

Терроризммен күресудің барлық әрекеті бір мемлекет шегінде жүзеге асырудың мән –

мағынасы жоқ. Терроризм халықаралық сипатқа ие болған фактісін ұмытпауымыз қажет және осыдан біз оған халықаралық деңгейде қарсы тұруымыз анағұрлам жөн екенін есте сақтау керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ольшанский Д. «Психология террора, Екатеринбург» // «Деловая книга», М., Академический проект, ОППЛ, -2002.
2. Петрищев В.Е. «Заметки о терроризме» // М., Эдиториал УРСС-2001.
3. Права человека: проблемы и перспективы. М., Академия наук. 1990 ж.
4. Сатпаев Д. Город Алматы не застрахован от террористов // Саясат. 2003, № 9.
5. Мыльников Б.А. Новые вызовы: международный терроризм и иные проявления экстремизма, пути (направления), взаимодействия: Сборник материалов Международной научной конференции «О развитии взаимодействия правоохранительных органов государства участников СНГ в борьбе с преступностью, международным терроризмом и иные проявления экстремизма». 2001, 21-22 наурыз, Минск.
6. Нестеренко С. «Антитеррор: новый этап». «Казахстанская правда». 25.12.2004
7. Н.Ә.Назарбаев «Елдің жаңа ғасырдағы тұрақтылығы мен қауіпсіздігі» (Қазақстан халқына жолдау) 1999 ж
8. Баймұлдин Н., «Халифат не состоялся». «Экспресс К», №40, 02.04.2005

Рахметуллин Аман Капанович

Лауазымы: тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы «Тарих және әлеуметтік ғылымдар кафедрасы», Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті

Пошталық мекен-жайы: 071417, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Ә.Қашаубаев көшесі, 72.

Ұялы тел: 8705 511 16 17

E-mail: aman150176@mail.ru

Карсайдаров Самат Келгентаевич

Лауазымы: тарих мамандығы бойынша 2 курс магистранты, Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті

Пошталық мекен жайы: 071414, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Т.Рыскулов көшесі, 47.

Ұялы тел: 8776 67013850

E-mail: samat.karsaidarov@bk.ru

Орта Азиядағы экстремизм мен ланкестік әрекеттерге қарсы халықаралық күрес жүйесіндегі Қазақстанның рөлі

Рахметуллин Аман Капанович

Должность: кандидат исторических наук, старший преподаватель "Кафедра истории и социальных наук", Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет

Почтовый адрес: 071417, Республика Казахстан, г. Семей, ул. А. Кашаубаева, 72.

Сотовый тел: 8705 511 16 17

E-mail: aman150176@mail.ru

Карсайдаров Самат Келгентаевич

Должность: магистрант 2 курса по специальности «История», Казахский инновационный гуманитарно-юридический университет

Почтовый адрес: 071414, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Т. Рыскулова, 47.

Сотовый тел: 8776 67013850

E-mail: samat.karsaidarov@bk.ru

Роль Казахстана в системе международной борьбы против экстремизма и террористической деятельности в Центральной Азии

Rahmetullin Aman Kapanovich

Position: candidate of historical Sciences, senior lecturer, Department of history and social Sciences, Kazakh humanitarian and legal innovation University

Postal address: 071417, Republic of Kazakhstan, Semey, A. Kashaubayev str., 72

Cellular phone: 8705 511 16 17

E-mail: aman150176@mail.ru

Karsaidarov Samat Kalgentievich

Position: 2nd year master's student in History, Kazakh innovative University of Humanities and law

Postal address: 071414, Republic of Kazakhstan, Semey, T. Ryskulov Street, 47

Cellular phone: 8776 67013850

E-mail: samat.karsaidarov@bk.ru

The role of Kazakhstan in the international fight against extremism and terrorist activities in Central Asia



РАЗДЕЛ 5 ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ

Ответственный редактор:

Жарыкбасова К.С. – доктор технических наук

Ведущие эксперты:

Давыдова С.А. – кандидат технических наук

Карипжанова А.Ш. – доктор PhD

МРНТИ 06.35.31

Бабажанов Аллаберген Рўзимович

к.э.н., доцент, Ташкентский институт инженеров ирригации и механизации сельского хозяйства, г.Ташкент, Узбекистан
e-mail: alik5656@bk.ru

Рузибоев Собир Боймирзаевич

старший преподаватель, Ташкентский институт инженеров ирригации и механизации сельского хозяйства, г.Ташкент, Узбекистан
e-mail: ro'ziboyev@inbox.uz

Успанкулов Бекжан Мусабекович

докторант (PhD), Ташкентский институт инженеров ирригации и механизации сельского хозяйства, г.Ташкент, Узбекистан
e-mail: bekjon.90@mail.ru

КЛАССИФИКАЦИЯ ЗДАНИЙ И СООРУЖЕНИЙ УЗБЕКИСТАНА ДЛЯ ИХ ОЦЕНКИ

Мақалада кешенді талдау негізінде республиканың қолданыстағы ғимараттары мен құрылыстары олардың түрлері, тағайындалуы, пайдалану мерзімі мен капиталы бойынша, құрылымдық элементтердің қызмет ету мерзімі бойынша жіктеледі, бұл оларды бағалауға, Бірыңғай мемлекеттік тізілімді әзірлеуге және жылжымайтын мүлік кадастрын құруға тікелей қажет.

Түйінді сөздер: ғимараттар мен құрылыстардың кадастры, бағалау, салық салу, бірыңғай жіктеуіш, жылжымайтын мүлік кадастры, Бірыңғай мемлекеттік тіркелім.

В статье на основе всестороннего анализа классифицируются имеющихся зданий и сооружений республики по их видам, целевым назначением, по срокам службы и капитальности, по срокам эксплуатации конструктивных элементов, что непосредственно требуется для их оценки, разработки Единого государственного реестра и составления кадастра недвижимости.

Ключевые слова: кадастр зданий и сооружений, оценка, налогообложение, единый классификатор, кадастр недвижимости, Единый государственный реестр.

The article on the basis of a comprehensive analysis classifies the existing buildings and structures of the Republic by their types, purpose, service life and capitalization, the service life of structural elements, which is directly required for their evaluation, development of the Unified state register and cadastre of real estate.

Keywords: cadastre of buildings and structures, taxation, unified classifier, real estate cadastre, Unified state register.

Развитие рыночной экономики Республики Узбекистан в свою очередь, требует соответствующего развития рынка недвижимости. При этом проведения цивилизованной классификации зданий и сооружений, как искусственные объекты недвижимости во многом определяет проведения научно обоснованной оценки их, отвечающей современной требований экономики страны. Исходя из этих соображений, проведение соответствующие работы по классификации этих объектов имеет определенное научное и практическое значение.

Здания характеризуется наличием помещений, необходимых для жизнедеятельности человека. По целевому назначению они подразделяются на;

- жилые здания;

- нежилые здания;

Жилые здания делятся на: малоэтажные (до 3 этажей), многоэтажные (от 4 до 9 этажей), дома повышенной этажности (от 10 до 20 этажей), высотные дома (свыше 20 этажей). Сюда можно отнести квартиры, комнаты, дачные дома.

Нежилые здания делятся:

- общественные - детские сады, школы, учебные заведения, магазины, больницы и поликлиники, санатории, спортивные залы, пожарные дело, гостиницы, театры, предприятия общественного питания бытового обслуживания, административные здания и др;

- коммерческие - офисы, рестораны, гостиницы, гаражи для аренды, склады и др;

- промышленное (производственные), в которых размещаются средства производства и выпускаются промышленная продукция;

- вспомогательные - трансформаторные, насосные, навесы и т.-д;

- сельскохозяйственные - животноводческие, птицеводческие, теплицы, склады минеральных удобрений, здания для хранения сельскохозяйственной продукции;

- складские - резервуары для хранения нефти и нефтепродуктов, зерносклады и элеваторы, подземные хранилища различного назначения.

Сооружения характеризуются отсутствием помещений и делятся на следующие виды:

- инженерные - мосты, плотины, радиомачты;

- объёмные;

- площадочные - спортивные площадки, поля фильтрации;

- линейные - дороги, линии электропередачи, наружные трубопроводы;

- надземные высотные - сооружения в виде башен, расположенные выше планировочной отметки;

- надземные - дороги, трубопроводы, расположенные на планировочной отметке;

- подземные - подвалы, хранилища, расположенные ниже планировочной отметки;

- глубинные - скважины, колодцы, расположенные ниже планировочной отметки.

Здания и сооружения Узбекистана, как и других стран, по функциональному назначению подразделяются на 4 группы [3]

- жилые здания;

- нежилые здания;

- сооружения;

- здания и сооружения, являющиеся памятниками архитектуры и истории.

Необходимо отметить тот факт, что архитектурно-конструктивные схемы зданий и сооружений, особенно исторические, существенно отличаются от других стран по своей конструкции и конструктивной схеме. Здания и сооружения Узбекистана подразделяются на:

- здания, возведенные без антисейсмических мероприятий;

- здания, возведенные с антисейсмическими мероприятиями.

При оценке зданий для целей налогообложения или для целей ведения кадастра зданий и сооружений необходимо знать их конструктивные решения. Так, по конструктивным решениям они подразделяются на:

- здания с несущими стенами из кирпича или каменной кладки;

- здания с несущими стенами из монолитного бетона;

- крупноблочные здания;

- крупнопанельные здания;

- каркасные здания;

- объемно-блочные здания;

- деревянные здания;

- кирпично-панельные здания;

- здания из низко прочных материалов (грунтотматериалов) [3].

Для условий Узбекистана, который входит в сейсмический район, учет условий сейсмостойкости зданий и сооружений при их оценке имеет важное значение. Исходя из этого, в зависимости от сейсмостойкости здания и сооружения разделены на 12 категорий. Кроме этого, при проведении оценочные работы учитываются сроки службы и капитальности здания. Так, по действующим нормативам, по срокам службы и капитальности жилые здания делятся на 6 группы, а нежилые здания – 9 группы. Срок службы зданий определяются долговечностью основных несущих конструкции стен, фундаментов и перекрытий, а также исходя из местных условий строительства. Ниже, в таблице 1 приводим классификация жилых зданий, находящихся сегодня в республике, по срокам службы и капитальности.

Таблица 1

Классификация жилых зданий по срокам службы и капитальности

Группы	Вид зданий, материалы фундаментов, стен и перекрытий	Срок службы зданий, лет
I	Каменные, особо капитальные; фундаменты -каменные и бетонные, стены -каменные (кирпичные) и крупноблочные, перекрытия - железобетонные	150
II	Каменные обыкновенные; фундаменты- каменные, стены -каменные (кирпичные), крупноблочные, и крупнопанельные, перекрытия -	

	железобетонные или смешанные (деревянные и железобетонные), а также каменные своды по металлическим балкам	125
III	Каменные облегчённые; фундаменты - каменные и бетонные, стены - облегчённой кладки из кирпича, шлакоблоков и ракушечника, перекрытия - деревянные, железобетонные или каменные своды по металлическим балкам	100
IV	Деревянные рубленные и брусчатые, смешанные; сырцовые; фундаменты - ленточные бутовые, стены -рубленные, брусчатые, смешанные (кирпичные и деревянные), сырцовые перекрытия - деревянные	50
V	Сборно-щитовые, каркасные, глинобитные, саманные и фахверковые; фундаменты - на деревянных стульях при бутовых столбах; стены - каркасные, глинобитные и др.; перекрытия - деревянные	30
VI	Каркасно-камышитовые и прочие облегченные	

При определении капитальности зданий, необходимо как можно точнее разобраться с конструкциями здания, потому что каждый конструктивный элемент имеет свой срок эксплуатации. Ниже, в таблице 2 приводим

нормативные усредненные сроки эксплуатации конструктивных элементов и инженерного оборудования жилых зданий с деревянными перекрытиями по стальным балкам.

Таблица 2

Сроки эксплуатации конструктивных элементов зданий и сооружений	
Конструктивные элементы	Срок эксплуатации, лет
1	2
Фундаменты	150
Стены: I гр..	150
II гр.	125
III гр.	100
Лестницы	100
Перекрытия	60-80
Крыша	55
Перегородки	40
Полы	40
Окна	40
Двери	40
Внутренняя штукатурка	40
Наружная штукатурка	35
Малярные работы	35
Центральное отопление	40
Водопровод	15
Канализация	40
Электроснабжение	35

Объекты недвижимости достаточно дорогостоящие имущества. Чтобы не допустить больших погрешностей в определении стоимости зданий и сооружений, необходимо тщательно их изучать. Для успешного изучения необходима Единая классификация зданий и сооружений по всей территории Узбекистана. Во многих странах разработан Единый классификатор объектов недвижимости. Исходя из этих соображений мы также предлагаем включаться Единому международному классификатору, что поможет корректно и адекватно классифицировать любое здание и сооружение, независимо от их месторасположения. Это необходимо, прежде всего, для становления и развития рынка недвижимости. Кроме этого, разработка и внедрения Единого классификатора объектов недвижимости способствует развитию процессов урбанизации. Так, исследованиями установлены, что несмотря на принятые меры по преобразованию крупных сельских населенных пунктов в категории городских поселков, сложившийся уровень урбанизации не отвечает современным требованиям комплексного развития городов и значительно отстает от мировых тенденции. При этом уровень урбанизации все еще не приобрел устойчивый характер. Учитывая все эти проблемы 10 января 2019 году был принят специальный Указ Президента Республики Узбекистан «О мерах по коренному совершенствованию процессов урбанизации. Согласно этому Указу было организовано специальное Агентство урбанизации при Министерстве экономики и промышленности Республики Узбекистан, определив его одним из основных задач «долгосрочное планирование темпов, этапов и результатов политики индустриализации, анализ долгосрочных демографических тенденции в городе и в селе, расчет демографической емкости городов в условиях быстрой индустриализации, расчет количества потребности в трудовой силе в городах». Это, естественно, требует развитию строительства объектов недвижимости международного уровня.

Вместе с этим, Единый классификатор зданий и сооружений в дальнейшем способствует ведению Единого государственного реестра недвижимости на всей территории Узбекистана.

Целями создания Единого государственного реестра недвижимости, на наш взгляд, являются:

- создание условий устойчивого экономического и социального развития Республики Узбекистан;
- обеспечение эффективного использования земли и недвижимости для удовлетворения потребностей общества и граждан;
- создание и устойчивого развития рынка земли и недвижимости в стране;
- повышение эффективности гражданского оборота земельных участков, зданий и сооружений;
- защиты прав на земельных участках, зданий и сооружений, путем увеличения гарантий зарегистрированных прав, снижение административных барьеров и расширения налогооблагаемой базы.

Исходя из выше целей, нами определены основные задачи Единого государственного реестра недвижимости республики. Сюда можно отнести следующие:

- создание единой системы государственного кадастрового учета земельных участков, зданий и сооружений республики и регистрации прав на них, что в свою очередь, обеспечивает индивидуализации и идентификации объектов недвижимости;
- информационное наполнение Единого государственного реестра недвижимости страны;
- развитие института налоговой оценки объектов недвижимости, проведение более обоснованной кадастровой оценки зданий и сооружений;
- сокращение времени и труда при учете зданий и сооружений, регистрации прав и предоставлении сведений из Единого государственного реестра недвижимости.

Государственный кадастровый учет, регистрация прав, ведение Единого государственного реестра недвижимости и предоставление сведений, содержащихся в Едином государственном реестре, осуществляются Госкомземгеодезкадастром и его территориальными органами на местах.

Исходя из вышеизложенных можно сделать вывод о том, что разработка единого классификатора зданий и сооружений для Республики Узбекистан, отвечающего условиям развития кадастра зданий и сооружений способствует более полно и

эффективно использовать данных объектов, а также создания Единого государственного реестра недвижимости в стране, что актуально

для ведения государственного учета, регистрации прав зданий и сооружений.

Список использованной литературы:

1. Закон Республики Узбекистан «Об оценочной деятельности». Т., 1990.
2. Указ Президента Республики от 10 января 2019 года «О мерах по коренному совершенствованию процессов урбанизации». Т., 2019.
3. Алимов Р.Х., Беркинов Б.Б., Ходиев Б.Ю. Оценка недвижимости. Т., Фан. 2005.
4. Григорьев В.В., Сегидинов А.А. Оценки объектов недвижимости. М., Инфра, 1997.
5. Основания зданий и сооружений. КМК 2.02.01. 1998.
6. Оценка рыночной стоимости недвижимости. Под ред. В. Рутгайзера. М., дело, 1998.

Бабажанов Аллаберген Рузимович

Лауазымы: экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институтының «жерді пайдалану» кафедрасының меңгерушісі.

Пошталық мекен-жайы: 100000, Өзбекстан Республикасы, Ташкент, ул. Кари-Ниязи, 39 жаста

Бал ұясы тел: +998935688689

Электрондық пошта: alik5656@bk.ru

Рузибоев Собир Боймырзаұлы

Лауазымы: Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институты, жерді пайдалану кафедрасының аға оқытушысы.

Пошталық мекен-жайы: 100000, Өзбекстан Республикасы, Ташкент, ул. Кари-Ниязи, 39 жаста

Бал ұясы тел: +998977217889

Электрондық пошта: ro'ziboyev@inbox.uz

Успанқұлов Бекжан Мұсабекұлы

Лауазымы: Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институтының мемлекеттік кадастрлар бөлімінің негізгі докторанты (PhD).

Пошталық мекен-жайы: 100000, Өзбекстан Республикасы, Ташкент, ул. Кари-Ниязи, 39 жаста

Бал ұясы тел: +998935473635

Электрондық пошта: bekjon.90@mail.ru

Өзбекстанның ғимараттары мен құрылыстарын бағалау үшін жіктеу

Бабажанов Аллаберген Рузимович

Должность: к.э.н., доцент, заведующий кафедрой «Землепользования», Ташкентский институт инженеров ирригации и механизации сельского хозяйства.

Почтовый адрес: 100000, Республика Узбекистан, г. Ташкент, ул. Кары-Ниязи, 39

Сот. тел: +998935688689

E-mail: alik5656@bk.ru

Рўзибоев Собир Боймирзаевич

Должность: старший преподаватель кафедры «Землепользования», Ташкентский институт инженеров ирригации и механизации сельского хозяйства.

Почтовый адрес: 100000, Республика Узбекистан, г. Ташкент, ул. Кары-Ниязи, 39

Сот. тел: +998977217889

E-mail: ro'ziboyev@inbox.uz

Успанқұлов Бекжан Мусабекович

